15 НАУРЫЗ МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ
www.election.gov.kz
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

№27
(4925)
Сенбі
7 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# МЕЙІРІМ МЕН ЖЫЛУЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шарада сөз сөйлеп, жиынға қатысушыларды көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады. Президент мерекелік жиында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосып, өз кәсібінде жоғары табысқа жеткен әйелдерді мемлекеттік наградамен марапаттады.



халықаралық әйелдер күні
8 наурыз

## Ардақты аналар, қадірлі ханымдар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер қаламызға өзіндік ерекшелік пен жылулық бересіздер. Білім мен медицина саласында, бизнесте және мемлекеттік қызметте, ғылымда, мәдениетте және өндірісте еңбек ете отырып, елордамыздың дамуына күнделікті өз үлестеріңізді қосып жүрсіздер. Сіздер жауапкершілікті сенімді түрде арқалап, кәсіби белестерді бағындырып келесіздер, сонымен бірге адамгершілік қалыптарыңыздан өзгермей, жақындарыңызға қамқорлық көрсетесіздер.

Заманауи Астана сіздердің еңбектеріңіздің, таланттарыңыздың және батыл қадамдарыңыздың арқасында қалыптасып келеді. Ал біздің міндетіміз – әрбір әйел адам өз әлеуетін толық жүзеге асыра алатындай, құрмет пен қолдауды сезіне алатындай жағдай жасау.

Өмірлеріңіз қуанышқа, үйлеріңіз бақытқа, жандарыңыз жылулыққа толсын. Айналаңызда сенім артар жандар көп болсын! Алға қойған жоспарларыңыз бен армандарыңыз орындала берсін!

**Құрметпен,**
**Астана қаласының әкімі**
**Жеңіс ҚАСЫМБЕК**

## ВЕЛОЖОЛДАР ҰЗАРАДЫ

Астанада веложолдардың ұзындығы жыл өткен сайын ұзара береді. Бұл жөнінде қаланың Урбанистика орталығы мәлімет берді.




Орталықтың мәліметінше, қалада жаңа веложолақтар абаттандыру көшелерді қайта жаңғырту жобаларының құрамында жүйелі негізде іске асып жатыр. Бұл тәсіл аудандарды, саябақтарды және қаланың негізгі бағыттарын өзара байланыстыратын тұтас желіні қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2024 жылы қалада 108,8 шақырым веложолақ тіркелген болса, 2025 жылы велоинфрақұрылымның жалпы ұзындығы 152,75 шақырымға жетті. Жалпы, қала құрылысының жоспарында елордада 2035 жылға қарай веложолақ ұзындығы 755,8 шақырым болады деп белгіленген.



**ОҚЫРМАНЫН ОЙЛАНДЫРҒАН**

9-БЕТ | МЕРЕЙ



**ОРАЗАНЫҢ ПАЙДАСЫ**

11-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ
7-8 НАУРЫЗ
Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Сонымен қатар, 8 наурыз қарсаңында жәрмеңкеде гүл өнімдері сатылымға шығады. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі





# МЕЙІРІМ МЕН ЖЫЛУЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

**ҚЫМБАТТЫ ХАНЫМДАР!**

Ең алдымен, көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам – мейірім мен жылулықтың, даналық пен сұлулықтың нышаны. Әйел – тіршіліктің тірегі, берекенің бастауы. Бұл – ақиқат. «Бесікті де, әлемді де тербеткен» әйелдің жүрегі – ізгіліктің мекені. Сондықтан әйелдің қадірі – елдің қадірі деп айтсақ артық болмайды. Бүгін мен Ақорда төрінде Сіздерге және барша Қазақстан әйелдеріне зор ризашылығымды және алғысымды айтамын.

Халқымыз қай заманда да анасын ардақтаған, қарындасына қорған болған, қыздарын сыйлап, төрінен орын берген. Жұртымыз ең киелі құндылықтарға «Ана» сөзін қосып, «Отан Ана», «Жер Ана», «Ана тілі» деп көне заманнан бері айтып келеді. Бабаларымыз «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» деген. Осы мағынасы терең дәстүр қазіргі құбылмалы, күрделі заманда міндетті түрде өз жалғасын табуы керек. Бұл мақсатты орындау – ұрпақтар алдындағы парызымыз. Өйткені ұлтымыздың болмысы, тілі мен ділі, салт-дәстүрі ұрпаққа ананың аялы алақанымен, тағылымды тәрбиесімен дариды.

Төл тарихымызда ер азаматтармен бірге ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар көп болған. «Қыздың қырық жаны бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Рухы мықты қайсар қыздарымыз ұлт жылнамасында өшпес із қалдырған. Тұмар ханым, Айша бибі, Домалақ ана, Сүйінбике, Айғаным ханша мен Зере ананың есімдері ел жадында мәңгі қалады. Бүгінде Сіздер аса құрметті аналарымыз және апаларымыз салған дара жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Қыздарымыз ел игілігі жолында табысты еңбек етіп, Қазақстанның дамуына орасан зор үлес қосуда.

Қиындығы мен сын-қатері қатар жүретін аса жауапты қызметтерде жұмыс істейтін нәзік жандылар аз емес. Олар Отан алдындағы парызына адал болып, елімізде Заң мен тәртіптің орнығуына атсалысып жатыр. Әділ сот төрелігін жүзеге асырып жүрген судьялардың жартысынан көбі – әйелдер. Сондай-ақ Төтенше жағдайлар, Прокуратура, Ішкі істер, Қорғаныс және арнаулы қызмет саласында 45 мыңнан астам әйел еңбек етуде. Жақында Дубайда күштік құрылымдар мен арнайы жасақтардың SWAT Challenge жарысы өтті. Аса беделді халықаралық сайыста еліміздің «Томирис» құрамасы ешкімге дес бермей, қыздар арасында үздік атанды. Олар байрақты бәсекеде шыдамдылық пен шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметованың даңқты жолын үзбей келе жатқан нағыз батыр қыздарға тән қасиет екені сөзсіз.

Сонымен қатар бүгін мен ғылымда, өнерде, спортта, денсаулық сақтау саласында, мемлекеттік қызметте, бизнесте және ел өмірінің басқа да маңызды салаларында табанды еңбек етіп жүрген әйелдердің көп екенін атап өткім келеді. Марфуға Әжіғалиева жарты ғасырдан аса уақыт медицина саласында еңбек етіп жүр, 40 жыл бойы учаскелік терапевт болды, дәрігерлер әулетінің бастауында тұр. Бүгін ол еліміздің жоғары наградасы – «Отан» орденімен марапатталады. Жетісу облысындағы шаруа қожалығының жетекшісі Шакира Ыдырысова ауыл шаруашылығы саласында 50 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Жоғары өндірістік нәтижелерге қол жеткізіп, аудан мен облыс көлемінде абыройға ие болды. Мен оны бірінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапаттау жөнінде шешім қабылдадым. Шахматтан әлемнің үш дүркін чемпионы Бибісара Асаубаева ел мерейін өсіріп, қазақты нағыз зияткер ұлт ретінде жер жүзіне танытып жүр. Әйгілі шахматшы II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталады. Өкінішке қарай, ол Таяу Шығыста болып жатқан жағдайға байланысты бүгін шетелден Астанаға келе алмады. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы Парламент Сенаты төрағасының орынбасары, қаржы саласының тәжірибелі маманы Ольга Перепечинаға, Мәжіліс депутаттары Снежанна Имашева мен Екатерина Смышляеваға беріледі. Олар заң шығару қызметіндегі жемісті еңбектерімен осы құрметке жетіп отыр. Бұл жоғары атаққа көрнекті ғалым, мұнай-газ саласындағы өнертапқыш Мәнсия Бабашева да ие болды. Алматы қаласындағы №95 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Татьяна Белоусоваға «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. Оның педагог ретіндегі еңбегі жуырда халықаралық деңгейде кеңінен мойындалды. Осы атаққа азаматтық ұстанымымен белгілі, әсіресе, білім беру саласындағы мәселелерді жиі көтеріп жүрген Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова да лайық.

Өткен аптада ғана Кристина Шумекова конькимен жүгіруден жастар арасындағы бес дүркін әлем чемпионы атанып, Қазақстанның абыройын асқақтатты. Бүгін оған «Парасат» ордені табысталады. «Парасат» орденімен белгілі жазушы, аудармашы, тіліміздің нағыз жанашыры Камал Әлпейісова марапатталады. Арамызда отырған Мария Зейнелованың ерен еңбегін де атап өту қажет. Ардагер маман Наурызым қорығында 43 жыл жұмыс істеп, табиғатты қорғау ісіне зор үлес қосты. Ал Айсұлу Шуақбаева 40 жылдан астам мұнай өндіру саласында қажырлы еңбек етіп, ел игілігін арттыруға атсалысып келеді. Өз міндетін мінсіз атқарып жүрген мамандар «Құрмет» орденімен марапатталады.

Осы залда қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері де бар. Олар білімді, ойы ұшқыр, шығармашыл және отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге мол үлес қосып жүр. Осыған орай, тәжірибелі педагог Жанна Левковичке «Құрмет» ордені, ал жас мұғалім Мария Суринаға «Шапағат» медалі табысталады. Тікұшақ пилоты Ақерке Шопатаеваның еңбегі аса маңызды десек қате болмайды. Ол талай мәрте орман өртін сөндіруге және басқа да құтқару жұмыстарына қатысып, кәсіби тұрғыдан білікті маман ретінде қажырлы қызмет етуде. Бүгін оған «Ерен еңбегі үшін» медалі беріледі. Бұдан бөлек, Жапониядан келген белгілі өнерпаз Сузуки Канон да осы салтанатты іс-шараға арнайы шақырылды. Сузуки ханым Қазақстанда балет өнерін дамытуға белсене атсалысуда. Сондықтан оны «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттаймын.

Біз Отанымыздың көркейіп, гүлденуіне зор еңбек сіңіріп жүрген осындай аруларды мақтан тұтамыз, оларды жас буынға үлгі етеміз. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің терең әрі жан-жақты мағынасы бар. Қазақ әйелдері шаңырақтың ырыс-берекесін арттырып, өнегелі ұрпақ өсіріп отыр. Отбасындағы қасиетті миссиясы мен Отан алдындағы қастерлі міндетін қатар атқарып жүр. Мен мұны елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі және үлкен еңбектің арқасы деп санаймын. Әр отбасында тұрақтылық, береке-бірлік пен ырыс-несібе болса, Отанымыз да өсіп-өркендейді. Әйел – ұлттың жан-дүниесі десек, артық айтқандық емес. Олар – шабыттың қайнар бұлағы, шығармашылық музасы, әдемілік эталоны. Әлемдегі сұлулықтың бәрі әйел бейнесімен астасады. Еліміздің дамуында әйелдер қауымының рөлі орасан зор. Кез келген жұмыста, мектепте, университетте, кәсіпорында, медициналық мекемеде, әскери бөлімде және басқа ортада болсын, әдетте әйелдер айрықша еңбексүйгіштігімен, асқан жауапкершілігімен үлгі көрсетеді. Қыз-келіншектердің ынтасы жоғары, мұқият, жинақы, сондықтан оларға көбірек сенім артады. Әдетте «нәзік жанды» деп атаймыз, бірақ шын мәнінде олар қиын сәттерде ерік-жігері мұқалмай, табанды мінезі мен төзімділігі, шешімталдығы арқасында ерлікке парапар іс атқарады.

Адамзаттың көркем жаратылысы саналатын айымдарымыз нәзіктігіне қарамастан көп міндетті, тіпті әйелдерге тән емес ауыртпалықты мойымай көтеріп жүр. Бірақ мойындауымыз керек, қаншама қиындыққа, кедергіге, жауапкершілікке, кейде ер-азаматтардың олқылығынан болатын келеңсіздіктерге тап болса да, әйел әрқашан ақыл мен ажардың айнасы болып қала береді. Әйелдердің басты құпиясы да, әу бастағы табиғи болмысы да осында. Олар қаласа, күнделікті күйбең тірлікті мерекеге айналдыра алады, жадау көңіліңе жарқын сәуле түсіреді, мүмкін еместі мүмкін қылады, тіпті, соғысты да тоқтатып, бейбіт өмір орнатады. Ұлттың болашағы әйелдерге байланысты десек қателеспейміз. Қазақ қызының жолы, тағдыры ешқашан кедір-бұдырсыз, яғни қиындықсыз болмаған. Оған тарих куә. «Қыздың жолы жіңішке», «Қызға қырық үйден тыйым» деген түсініктер халық санасына әбден сіңіп кеткен. Себебі біз – қыз баланың абыройын ел болашағының кепілі деп санайтын елміз. Әйелдің табиғаты ерекше, жаны нәзік болса да, болмысы мықты деп айтуға толық негіз бар.

Әйелдердің адалдығы, ұқыптылығы, еңбекқорлығы, ал, керек болса, батырлығы мен қайсарлығы бәрімізге белгілі. Әйелдің осындай ерекше болмысының арқасында қоғамда адами құндылықтар қалыптасып, елімізде сенім мен келісім, өзара тілеулестік рухы орнайды. Қазір Қазақстан ауқымды жаңғыру жолына түсіп жатқан кезеңде әйелдердің жасампаздық рөлі арта түсетіні анық. Республикалық референдумға шығарылған халық Конституциясының жобасы мемлекетіміздің болашағын, даму бағдарын айқындайтын тарихи құжат деп айтуға толық негіз бар. Әлемдегі ахуал ушығып тұрған уақытта жаңа Конституция Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтады, еліміздегі барлық қоғамдық-саяси институттардың қызметіне жаңа серпін береді. Жаңа Конституция жобасының негізгі арқауы – Қазақстанның Тәуелсіздігін, Егемендігі мен территориялық тұтастығын, азаматтарымыздың құқықтары мен еркіндігін қорғау. Ата Заңның жаңа жобасында көптеген дамыған елдерде кездесе бермейтін нақты әлеуметтік нормалар кеңінен қамтылған. Мен бұған сенімдімін. Конституциядағы аталған ережелер мемлекетіміздің әлеуметтік сипатын күшейте түседі.

Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау жүйесі өте жақсы дамыған. Мемлекет осы саладағы өз міндеттемелерін мүлтіксіз әрі уақтылы орындап келеді. Жүзден астам неше түрлі әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер бар, тегін қамтамасыз етілетін бағдарламалар көп. Бұл – бүгінгі күннің жағдайы. Ал біз ертеңгі күнге, алыс болашаққа қарауымыз керек. Ең бастысы – адам капиталын жақсартып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сондықтан біз білімді, еңбекқор, жасампаз ұрпақты, яғни адал азаматтарды тәрбиелеуге баса мән беруіміз қажет. Қазіргі таңда дүние жүзінің әрбір түкпірінде адам капиталы немесе адам сапасы туралы айтылуда. Бұл – бүгінгі технологиялық заманның сұранысы, талабы. Еліміз үшін бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Осы істе әйелдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Қазақстан әлеуметтік саясатқа әрдайым жауапкершілікпен қараған. Шын мәнінде мұқтаж азаматтарымызға нақты, атаулы көмек көрсетіледі. Бұл саясат алдағы уақытта да жалғасады.

Мысалы, елімізде бала дүние келген кезде тиісті әлеуметтік төлемдер жасалады. Берілетін қаржының көлемі қомақты. Бұдан бөлек, сәби бір жарым жасқа толғанша жөргекпұл төленеді. Көптеген мемлекетте, соның ішінде Еуропаның бай-қуатты елдерінде әйелдер екі-үш айдан кейін жұмысқа шығуға мәжбүр. Ал Қазақстанда жас аналар үш жылға дейін үйде отырып, бала тәрбиесімен алаңсыз айналыса алады. Сондай-ақ олардың жұмыс орны сақталады, декреттік демалыстағы уақыты еңбек өтіліне қоса есептеледі. Мемлекет басшысы ретінде мен ана мен баланы қолдауға айрықша мән беремін. Мұны Президенттің басқа да қызметтік міндеттемелері сияқты аса маңызды іс деп санаймын. Бұл бағытта қажетті заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданды. Енді, міне, отбасы институтын қоғамның тұрақты дамуының өте маңызды факторы ретінде Конституция деңгейінде күшейтеміз.

«Неке – ер мен әйелдің мемлекеттік заңға сәйкес тіркеген ерікті және тең құқықты одағы» деген норма алғаш рет бекітіліп отыр. Мұндай заң ережесі балалардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ әйелдер мен аналардың отбасындағы рөлін нығайтуға мүмкіндік береді. «Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады» деген норма заманға сай жаңа мазмұнмен толықты. Құқықтық тұрғыдан анағұрлым дәл тіркестер арқылы қыздарды тұрмыс құруға мәжбүрлеу секілді ұят құбылыстарға Конституцияда тосқауыл қойылады. Отбасын қорғау мәселелері жөніндегі уәкіл қоғамдық лауазымын енгізу адам құқықтарының қорғалуы мен отбасы институтын күшейтетініне сенімдімін. Отбасы омбудсмені Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының бірінші орынбасары ретінде қызмет етіп, атқарылған істер туралы Мемлекет басшысына есеп беріп отырады. Мұндай жүйе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын кешенді түрде жолға қоюмен қатар, отбасы саясатындағы басқа маңызды түйткілдерді шешуге мүмкіндік береді.

**ҚАДІРЛІ ХАНЫМДАР!**

Осы жерде Қазақстанның әр аймағынан келген көптеген мамандық иелері отыр. Сіздер түрлі салада табысты жұмыс істеп, еліміздің әлеуетін арттыруға атсалысып келесіздер. Әділетті Қазақстанды өздеріңіз сияқты жауапкершілігі мол, жасампаз, көзі ашық, тиянақты, еңбекке адал азаматтар құрып жатыр. Мен мұны үлкен ризашылықпен атап өткім келеді. Бәріңізді зор құрметке лайық деп санаймын. Сондықтан бүгін мен Сіздерді жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға құтты болсын! Сіздерге амандық және табыс тілеймін!

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі

# ӘЙЕЛ – ӨМІР ГҮЛІ

Астана қаласы Сарыарқа ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Халықаралық әйелдер күніне орай «Әйел – өмір гүлі» атты мерекелік концерт өтті.



Іс-шараға Астана қаласы Әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Серік Қарабатыров, Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Кенжеболат Бапишев қатысып, орталық қызметкерлері мен қызмет алушыларды мерекемен құттықтады.

«Бүгінгі таңда Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында 19 638 зейнеткер тіркелген болса, соның 15 167-сі – әйелдер қауымы, ақ жаулықты аналарымыз. Көп жағдайда аналарымыз орталықтағы шаралардың бел ортасында жүреді. Олар үнемі орталықта ұйымдастырылатын зияткерлік, мәдени, спорттық, қайырымдылық және өзге де іс-шараларға белсенді қатысады. Үйірме жұмыстары мен спорттық секцияларға, сондай-ақ қызығушылықтарына қарай құрылған түрлі клубтардың жұмысына да әйелдер қауымы ерекше белсенділік танытып келеді. Халықаралық әйелдер күніне орай 2 наурыздан бастап орталықта 10-ға жуық мәдени іс-шара өтті. Атап айтқанда, ене мен келін сайысы, концерттік бағдарламалар, мерекелік кештер, ретро би кештері және кино көрсетілімдері ұйымдастырылды. Осы бір көктемнің шуақты мерекесі қарсаңында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына келіп қызмет алушы әйелдер қауымын, барша аналарды шын жүректен мерекемен құттықтаймын!» деді Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Серік Қарабатыров.

Мерекелік кеште орталықтың өнерлі зейнеткерлерінен құралған «Замандастар» вокалды ансамблі, «Ветеран» хоры, «Әгугай» этно-фольклорлық ансамблі, «Сарыарқа» вокалды тобы және жеке орындаушылар ана тақырыбындағы әсем әндерін орындады. Сонымен қатар, Сарыарқа ауданының биші ата-әжелерінен құралған «Әдемі дәуір», «Шабыт», «Элеганд-дэнс» және «Gayhартас» би топтары өз өнерлерін ортаға салып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

# ҚАР КҮРЕУ ӘЛІ ҚАРҚЫНДЫ

Елорданың коммуналдық қызметі алғаш қар жауған күннен бастап, тоқтаусыз, күні-түні жұмыс істеп келеді.



5 наурыз түнде елордадан қар полигондарына 2 098 ауыр жүк көлігінің рейсі арқылы 35 530 текше метр қар шығарылды. 6 наурыз күні таңертең қаланы қар мен көктайғақтан тазартуға шамамен 1 720 арнайы техника мен 3 035 жол жұмысшысы тартылды. Алдымен негізгі көшелер мен қоғамдық көлік жолдары тазаланады. Одан кейін қозғалыс қарқыны орташа учаскелерде – аулаларда, алаңдарда, тротуарлар мен аялдамаларда тазалық жүргізіледі.

Қыс мезгілі басталғалы бері қар полигондарына 444 269 рейспен 6 млн 674 мың 203 текше метр қар шығарылды. Қала тұрғындарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жолдар, тротуарлар мен көшелерге техникалық тұз себілуде. Бұл жұмыстар да тәулік бойы атқарылып жатыр.

Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен тротуарларда барынша сақ болуға, сондай-ақ қолайсыз ауа райы жағдайында алыс жолға шықпауға шақырады.

# ЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында елордадағы №16 Төлеген Айбергенов атындағы мектепте «Жас сақшы» сыныбының оқушылары UAE SWAT Challenge 2026 халықаралық турнирінің жеңімпаздарымен кездесті. Кездесуді елорданың Байқоңыр аудандық Полиция басқармасы ұйымдастырды.

Іс-шараға елордалық Жедел әрекет ету арнайы жасағының арнайы бөлімшесінің қызметкерлері – полиция капитаны Елдос Сартай мен полиция майоры Мөлдір Атанай қатысты. Олар ондаған елдің командалары жауынгерлік шеберлігін, тактикалық ойлау қабілетін және командалық үйлесімділігін көрсеткен UAE SWAT Challenge халықаралық турнирінде Қазақстанның намысын лайықты қорғаған.



Кездесуде арнайы бөлімше қызметкерлері өздерінің жұмысы, халықаралық жарыстарға дайындық барысы, сондай-ақ тәртіп пен командалық жұмыстың маңызы туралы айтып берді. Оқушылар қонақтарға сұрақтарын қойып, арнайы шығармашылық қойылымдарын да ұсынды.

Мұндай іс-шаралар жастардың құқықтық тәрбиесіне оң әсер етіп, полиция мен қоғам арасындағы байланысты нығайтады, сондай-ақ оқушыларды заңға және қоғамға қызмет етуге бағытталған мамандықтарды таңдауға ынталандырады.

Айта кету керек, «Жас сақшы» сыныбы құқық қорғау саласында қызмет етуді болашақ мамандығы ретінде көретін оқушылардан құралған. Жалпы білім беретін пәндермен қатар, олар полиция қызметкерлерімен кездесулер мен арнайы сабақтарға қатысып, қызметтің ерекшеліктері мен ішкі істер органдарының жұмыс қағидаттарымен танысады. Оқушылар арнайы форма киеді, ал тәртіп пен жауапкершілік олардың оқу процесінің маңызды бөлігі болып саналады.

## *Қымбатты арулар!*

*Сіздерді шын жүректен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! Бұл мереке – мейірім мен жылулыққа, қуаныш пен ізгілікке толы ерекше күн.*

*Бүгінде сіздер елордамыздың дамуына орасан зор үлес қосып келесіздер. Қаламызда жүзеге асып жатқан барлық оң өзгерістер сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен белсенділіктеріңіздің арқасында мүмкін болып отыр. Сіздер ақылды, бастамашыл, жігерлі жансыздар және өмірдің барлық саласында биік белестерді бағындырып келесіздер.*

*Сіздердің арқаларыңызда – аналарымыз, жарларымыз, қыздарымыз, әпке-қарындастарымыз, әріптестеріміз – ер-азаматтар да жігерленіп, жаңа жетістіктерге ұмтылады. Сіздер әрдайым шабыт беріп, қолдау көрсетіп, шаңыраққа жылулық пен береке сыйлайсыздар.*

*Әр күндеріңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын! Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, шынайы махаббат және отбасыларыңызға амандық тілеймін. Көктемнің шуақты көңіл күйі жүректеріңізден ешқашан кетпесін!*

***Құрметпен,***
***Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,***
***Астана қаласы мәслихатының төрағасы***

## *Құрметті астаналық арулар мен елорда қонақтары!*

*Сіздерді ару көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Еліміздің сән-салтанаты мен елордамыздың мерейінің үстем болуында қашанда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі бар.*

*Олай болса, көктемнің осынау шуақты мерекесі көңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға бөлесін.*

*Көктемнің гүліндей құлпырып, әсемдіктің, әдеміліктің, нәзіктік пен әдептіліктің иесі болып, ортамызды нұрға бөлеп жүріңіздер.*

*Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш, жүздеріңізге шаттық сыйласын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!*

***Құрметпен,***
***Зұлпыхар ҒАЙЫПОВ,***
***Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы***



## АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**2026 жылы 19 наурыз сағат 10:00-де** Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:**

1. Елорданың тұрғын алаптарын дамыту мәселелері мен келешегі туралы (сумен жабдықтау, кәріз, көлік инфрақұрылымы).

2. Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.

3. Қалалық мәслихат сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

4. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

5. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына енгізілетін басқа да мәселелер.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

**Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,**
**Астана қаласы мәслихатының төрағасы**

# АДАЛ АЗАМАТ ЖОЛЫ



«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Астанадағы «Tanym» көпфункционалды кешенінде прокуратура мен қала әкімдігі «Заң мен тәртіп: Адал азамат жолы» байқауының финалдық кезеңін өткізді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қалалық Білім басқармасының мәліметінше, финалдық кезеңге аудандардағы 6 мектептен 60 оқушы қатысты. Оқушылар мектеп ортасында құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған жобаларын ұсынды.

Өткен жылдың қараша айынан бері оқушылар жобаларын белсенді түрде дайындап, зерттеу жүргізіп, байқаудың түрлі кезеңдеріне қатысқан.

Қазылар алқасының құрамына прокуратура, полиция, білім беру саласының өкілдері және Әкелер кеңесінің мүшелері енді.

Байқау қорытындысы барлық кезеңнің нәтижелері ескеріле отырып шығарылады. Барлық команда жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Үздік жобалар білім беру ұйымдарында әрі қарай енгізу үшін қарастырылатын болады.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі




# КӘСІПКЕРЛЕР ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының өкілдері «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы қызметкерлерімен кездесті.

«Атамекен» ҚР ҰКП – бизнес қоғамдастығы мен ҚР Үкіметі және мемлекеттік органдар арасындағы диалогты нығайтуға әрі өзара іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған коммерциялық емес ұйым. Палатаның негізгі міндеті – кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қалыптастыру үдерісіне бизнес өкілдерінің кеңінен қатысуын қамтамасыз ету.

Іс-шара барысында қатысушыларға жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері, сондай-ақ олардың қоғамның одан әрі дамуы үшін практикалық маңызы жан-жақты түсіндірілді. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, қатысушылар ұсынылып отырған өзгерістер бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті.

«Жаңа Конституция жобасы кәсіпкерлікті дамытуға берік құқықтық негіз қалайды. Құжатта меншікке қол сұғылмаушылық және заң үстемдігі сияқты маңызды қағидаттар бекітілген. Бұл бизнес үшін тұрақты әрі болжамды реттеуші ортаны қалыптастырады» деді заң ғылымдарының кандидаты, Maqsat Narikbayev University профессоры Әлия Оразбаева.

Сонымен қатар, қатысушылар жаңа Ата Заң меншік құқығын қорғау тетіктерін күшейтетініне де тоқталды. Атап айтқанда, меншік иелерінің жағдайын нашарлататын нормаларды қабылдауға жол берілмейді. Бұл инвесторлар мен кәсіпкерлер тарапынан сенімді арттыруға ықпал етеді. Мемлекет мүліктік мүдделердің қорғалуына кепілдік беріп, іскерлік белсенділіктің дамуына қолайлы жағдай жасайды.

«2026 жыл кәсіпкерлік сектор үшін өтпелі кезең ретінде белгіленді. Бұл компанияларға жаңа талаптарға бейімделуге, қажетті өзгерістер мен цифрлық шешімдерді кезең-кезеңімен енгізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде айыппұлдар мен санкциялар тәуекелі азайып, өзгерістер кезеңінде іскерлік ортаның тұрақтылығы сақталады» деп атап өтті Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі Дихан Қамзабекұлы.

Сондай-ақ спикерлер қатарында Жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық филиалының төрағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Олжас Сыдықбек болды.

Кездесу соңында кәсіпкерлер ұйымдастырушыларға жаңа Конституция жобасын мазмұнды түсіндіргені үшін алғыс айтып, елдің тұрақтылығын нығайтуға және одан әрі дамуына бағытталған жаңартылған Конституция ережелерін іске асыруда азаматтардың белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті.

# «ЖАЙДАРМАНШЫ» ЖАСТАР ЖАҚТАЙДЫ

Елордада «Жайдарман» жастар лигасының өкілдері Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа редакциясын қолдайтындарын білдірді. Танымал жастар қозғалысының қалалық фестивалі аясында өткен көктемгі кубокқа қатысушылар мемлекеттілікті нығайтуға және азаматтық қоғамның рөлін арттыруға бағытталған конституциялық өзгерістердің маңызын атап өтті.

Көктемгі кубок жеңімпаздарын марапаттау рәсімі барысында «Жайдарман» қозғалысының негізін қалаушы, продюсер Есен Елеукен 15 наурызда Қазақстанда елдің жаңа Конституциясы жобасы бойынша республикалық референдум өтетінін еске салды.

«Жайдарманшыларды еліміздің жаңа Ата Заңын қолдауға шақырамын. Жайдармансүйер қауым бәріміз бірігіп, осы жаңа Ата Заңымызды қолдап, 15 наурыз күні референдумға қатысайық. Осыған баршаңызды шақырамын» деді Есен Елеукен өз сөзінде.

Елордада Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының негізгі ережелерін түсіндіруге бағытталған бірқатар іс-шара өткізіліп жатыр. Осы жұмыс аясында еңбек ұжымдарымен, кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдерімен, жастармен және жұртшылықпен кездесулер ұйымдастырылуда.



# БАЛАЛАР ҮЙІНЕ БАРДЫ

Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының өкілдері әлеуметтік сала қызметкерлерімен кездесіп, жаңа Конституция жобасын түсіндірді.

Іс-шара қаланың Мамандандырылған балалар үйінде өтті. Кездесу барысында қатысушылар ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің негізгі бағыттары мен олардың қоғам дамуына ықпалы туралы пікір алмасты. Спикерлер жаңа Конституция елдің құқықтық жүйесін жаңғыртып, азаматтардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға бағытталған маңызды құжат екенін атап өтті.

Кездесуге Астана қаласы мәслихатының депутаты Азамат Айтхожин, Бауыржан Қасымбергебаев, сондай-ақ қоғам қайраткері Фарида Даримова қатысты. Жиын барысында Азамат Айтхожин жаңа Конституция жобасының қоғамның тұрақты дамуына бағытталғанын атап өтті.

«Жаңа Конституция – еліміздің болашақ дамуына негіз болатын маңызды құжат. Ол азаматтардың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін нығайтып қана қоймай, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді» деді депутат.

Спикерлер жаңа Конституция жобасының қоғамның түрлі салалары үшін маңызына тоқталып, әлеуметтік сала қызметкерлерінің сұрақтарына жауап берді. Іс-шара ашық диалог форматында өтіп, қатысушылар ұсынылып отырған өзгерістер бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік алды.




# ЗАУЫТТА ӨТКЕН ЖИЫН


Астанада «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясының өкілдері «Завод ВМП Астана» ЖШС еңбек ұжымымен кездесіп, еліміздің жаңа Конституция жобасын талқылады.

Кездесу кәсіпорын аумағында өтіп, оған зауыт қызметкерлері қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің негізгі бағыттары мен олардың қоғам мен экономика дамуына ықпалы туралы пікір алмасты. Спикерлер жаңа Конституция азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды құжат екенін атап өтті.

Жиынға Қазақстан Халық партиясы орталық аппаратының өкілі Гульдарина Нұрмағанбет, сондай-ақ «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы Астана қалалық филиалы қалалық кеңесінің өкілі Серік Дюсупов қатысты. С.Дюсупов жаңа Конституция елдің тұрақты дамуына құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өтті.

«Конституция – мемлекеттің негізгі тірегі. Ұсынылып отырған өзгерістер елдің экономикалық дамуына, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және қоғамдағы әділеттілік қағидаттарын нығайтуға бағытталған» деді ол.

Кездесу ашық форматта өтіп, кәсіпорын қызметкерлері өз сұрақтарын қойып, ұсынылып отырған өзгерістер бойынша жан-жақты түсіндірулер алды.



# ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ПІКІР АЛМАСТЫ

Астана қаласындағы №1 Индустриялық паркте орналасқан «Polytech Astana» ЖШС алаңында жаңа Конституция ережелерін түсіндіруге арналған кездесу өтті.

Кездесуге Астана қаласы мәслихатының депутаты Бауыржан Қасымбергебаев пен «Қазақстан Халық партиясы» ҚБ Орталық аппаратының талдау және халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Сұлтанбек Құдабай қатысты. Іс-шара барысында Конституцияға енгізілген өзгерістер мен олардың қоғамдағы маңызы туралы жан-жақты түсіндірме берілді.

– ҚР Конституциясы – елдің құқықтық негізі және мемлекеттік дамудың басты бағдары. Қазіргі кезеңде Конституция мазмұны жаңарып, адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігін нығайту және мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға бағытталуда. Оның қағидаттары заңнамалық реформалар мен мемлекеттік саясат арқылы жүзеге асады. Конституция – әділетті әрі тұрақты қоғам құрудың берік тұғыры, – деді өз сөзінде Б.Қасымбергебаев.

Қатысушылар жаңа конституциялық нормалардың елдегі саяси реформаларды жүзеге асырудағы рөлі, азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бағытындағы жаңашылдықтар туралы пікір алмасты.

Кездесу соңында қатысушылар өзара сұрақ-жауап форматында ой бөлісіп, алдағы уақытта да осындай түсіндіру жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі



# ӘУЕЖАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚОЛДАЙДЫ

Астана қаласы халықаралық әуежайы ұжымымен жаңа конституциялық реформаны түсіндіруге арналған бейресми кездесу өтті.

Іс-шара барысында жобаның негізгі бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту тетіктері, сондай-ақ елдің тұрақты дамуына ықпалы кеңінен талқыланды.

Кездесуде Астана қаласы мәслихатының депутаты Ғабит Тәжімұратов сөз сөйлеп, конституциялық жаңғырудың стратегиялық маңызын атап өтті. Ол: «Бүгінгі өзгерістер кезеңінде қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайту аса маңызды. Жаңа конституциялық реформа азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған. Әрбір қазақстандық бұл өзгерістердің мәнін терең түсінуі тиіс» деді.

Блогер Әсем Нұрсейітова өз сөзінде ақпараттық ашықтықтың рөліне тоқталды.

«Қазіргі қоғамда әр азаматтың дауысы маңызды. Ашық талқылау мен түсіндіру жұмыстары халықтың құқықтық сауаттылығын арттырып, реформалардың мәнін кеңінен жеткізуге мүмкіндік береді» деді ол.

Астана халықаралық әуежайы – елорданың басты авиациялық хабы, жолаушылар мен жүк тасымалын кешенді қамтамасыз ететін стратегиялық көлік нысаны. Кездесу барысында әуежай қызметкерлерінің ұсыныстары тыңдалып, қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Іс-шара ашық әрі мазмұнды пікір алмасу форматында өтті. Қатысушылар жаңа конституциялық реформаның ел болашағы үшін маңыздылығын атады.

# АУРУХАНАДАҒЫ ДИАЛОГ

Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасында жаңа Конституция мен жүргізіліп жатқан реформаларды талқылауға арналған кездесу өтті.

Жиынға VII шақырылған елордалық мәслихат депутаты Владислав Сергеев, қоғам қайраткері, Amanat партиясының белсендісі Фарида Даримова, Астана қаласы Amanat партиясы Алматы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Гүлмира Ақтайлақова, Астана қаласы әкімдігінің №1 көпбейінді қалалық ауруханасының директоры Ербол Сәрсенбаев қатысып, биліктің қоғамға әділеттілік, ашықтық және есеп беру принциптерін нығайтуға бағытталған негізгі өзгерістер туралы егжей-тегжейлі айтып берді.


Кездесу барысында азаматтардың шешім қабылдаудағы рөлін кеңейту, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері қозғалды. Өңірлік деңгейдегі реформаларды іске асырудағы мәслихаттардың рөліне ерекше назар аударылды. Кездесуге қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтар қоюға және конституциялық өзгерістер азаматтардың күнделікті өміріне және ұйымдардың қызметіне қалай әсер ететінін талқылауға мүмкіндік алды.

Мұндай диалогтар құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді.



# РЕФЕРЕНДУМҒА ШАҚЫРДЫ

Жалпыұлттық коалиция өкілдері елордадағы «Астана эксплуатациялық вагон депосы» кәсіпорнының ұжымымен кездесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарын түсіндірді. Іс-шараға көлік инфрақұрылымы саласының 100-ге жуық қызметкері қатысты.




Астана қаласы мәслихатының депутаты Салтанат Женалаева Конституциялық реформаның әлеуметтік сала үшін маңызын атап өтті.

«Жаңа Конституция жобасында адам денсаулығы мен әлеуметтік кепілдіктерге ерекше мән берілген. Бұл – медициналық қызмет сапасын арттырумен қатар, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам» деді Салтанат Женалаева.

Қоғам белсендісі Юсуп Келигов жаңа Ата Заң жобасының қоғамдағы бірлік пен жауапкершілікті нығайтудағы рөліне тоқталды. Ол: «Конституциялық өзгерістер мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді арттыруға бағытталған. Әрбір азамат ел болашағына жауапкершілікпен қарап, қоғамдық процестерге белсенді қатысуы маңызды» деді.

Ал Астана қаласы мәслихатының депутаты Мейрамгүл Қабдығалиева экономикалық және еңбек қатынастары мәселелеріне тоқталды.

«Жаңа Конституция жобасы кәсіпкерлікті дамытуға, еңбек құқықтарын қорғауға және экономиканың тұрақты дамуына құқықтық негіз қалыптастырады» деді Мейрамгүл Қабдығалиева.

Жиын барысында Конституциялық реформаның еңбек адамының құқықтарын қорғау, әлеуметтік кепілдіктерді нығайту және стратегиялық инфрақұрылым салаларын дамытуға бағытталған маңызды тұстары айтылды. Қатысушылар жаңа Ата Заң жобасына қатысты өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарын қойды.

«Астана эксплуатациялық вагон депосы» вагон паркінің қауіпсіздігі мен жарамдылығын қамтамасыз етеді. Кәсіпорында бес жүзден астам адам еңбек етеді.

# CENTRAL ASIA PIPES ҰЖЫМЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астана қаласында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық филиалының өкілдері Central Asia Pipes компаниясының ұжымымен кездесу өткізді.



Оған қоғам қайраткері, экология мәселелері жөніндегі кеңес төрағасы Елдос Абақанов, Гүлдарина Нұрмағанбет және басқа да мамандар қатысты. Central Asia Pipes – өнеркәсіптегі құбыр өнімдерін өндіру және жеткізу саласында жұмыс істейтін заманауи өндірістік компания. Кәсіпорын өндіріс технологияларын жетілдіруге, сапа стандартын сақтауға және отандық өндірісті дамытуға ерекше мән береді. Кездесу барысында конституциялық реформалардың негізгі бағыттары, экология саясатын дамыту және кәсіпкерлікті қолдауды күшейту мәселелері түсіндірілді. Әсіресе табиғатты қорғау, өндіріс кәсіпорындарының экологиялық жауапкершілігін арттыру және тұрақты даму қағидаттарын енгізу жайы сөз болды.

«Конституциялық реформалар елдің орнықты дамуына бағытталған. Өндіріс орындары экологиялық талаптарды сақтай отырып жұмыс істеуі тиіс. Табиғатты қорғау – тек мемлекеттік органдардың емес, барлық кәсіпорынның ортақ міндеті» деп атап өтті Елдос Абақанов.

Кездесу барысында кәсіпкерлерді қолдау, әкімшілік кедергілерді азайту, инвестиция ахуалын жақсарту және өнеркәсіп саласын дамыту мәселелері талқыланды. Қатысушылар өндіріс кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуі үшін құқық және экономика жағдайын жетілдіру бойынша ұсынысын білдірді. Мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасып, конституциялық реформалардың мәні мен маңызын түсіндіру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

# АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ




Астанада №15 қалалық емханада жаңа Конституция жобасы мен жүргізіліп жатқан реформаларды талқылауға арналған кездесу өтті. Қалалық емханада конституциялық өзгерістер талқыланды.

Жиында Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова, Amanat партиясы қалалық филиалы саяси бөлімінің басшысы Әбдіғани Бәзілханұлы, Respublica партиясы фракциясының менеджер-талдаушысы Жақсылық Киікбаев билік пен қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған негізгі өзгерістер туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Кездесу барысында азаматтардың шешім қабылдаудағы рөлін кеңейту, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері қозғалды.

Өңірлік деңгейдегі реформаларды іске асырудағы мәслихаттардың рөліне ерекше назар аударылды.

Кездесуге қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтар қойып, конституциялық өзгерістер азаматтардың күнделікті өміріне және ұйымдардың қызметіне қалай әсер ететінін талқылады.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі

# ДӘЛДІК ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚ

Астана қаласы Полиция департаменті Жедел криминалистикалық басқармасының криминалисі, полиция майоры Зарина Байбуллина – қылмыстың жасырын ізін тауып, үнсіз дәлелдерді сөйлете білетін білікті маман.

**Райхан РАХМЕТОВА**



Ол жастайынан ұқыптылық пен жауапкершілікті серік етті. Мектепті аяқтаған соң Еуразия ұлттық университетінде биотехнология мамандығын меңгерді. Ғылыми ізденіс пен зертханалық дәлдікке негізделген білім оның кәсіби қалыптасуына берік іргетас қалады. Еңбек жолын Ұлттық биотехнология орталығында бастап, бір жарым жыл ғылыми тәжірибе жинақтады. 2008 жылы Ішкі істер органдарына қызметке келіп, құқық қорғау саласын таңдады. Сол уақыттан бері криминалистика саласында табанды еңбек етіп келеді.

Криминалистика – асқан мұқияттылық пен төзімділікті талап ететін сала. Қылмыс орнында көзге көрінбейтін іздің өзі істің шешуші дәлеліне айналуы мүмкін. Зарина оқиға орнына шығып, айғақ заттарды бекітеді, саусақ іздерін, биологиялық және микробөлшек үлгілерін жинайды. Әрбір дәлел арнайы талаптарға сай рәсімделіп, зертханаға жолданады.

Зертханада ол заманауи криминалистикалық құрал-жабдықтарды пайдаланып, саусақ іздерін салыстырады, түрлі беттерден алынған іздерді айқындайды, сараптамалар жүргізеді. Оның кәсіби шеберлігінің арқасында талай қылмыстың беті ашылып, кінәлі тұлғалардың жауапкершілікке тартылуына нақты дәлелдер ұсынылды.

«Криминалист үшін ұсақ-түйек болмайды. Әрбір із – ақиқатқа бастар жол» дейді полиция майоры.

Зарина Байбуллина – құқық қорғау саласындағы әулеттің лайықты жалғасы. Әкесі – Ішкі істер органдарының зейнеткері, жолдасы да – полиция қызметкері. Бұл отбасында тәртіп пен заңға адалдық – басты құндылық.

Ол – төрт баланың анасы. Қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алып жүру – үлкен табандылықты талап етеді. Соған қарамастан, ол аналық мейірім мен кәсіби міндетті үйлестіре біледі. Бос уақытында моншақтармен сәнді сөмкелер тігіп, бисерден нәзік әшекей бұйымдар жасайды. Ұсақ бөлшектермен жұмыс істеудегі шыдамдылық пен дәлдік оның кәсіби болмысымен үндесіп жатыр. Қылмыс орнында дәлдік қажет болса, қолөнерде нәзіктік керек. Осы екі қыр оның жан-жақты, шығармашыл тұлға екенін айқындайды.

Полиция майоры – антына берік, кәсібіне адал, отбасына қамқор жан. Осындай мамандардың еңбегі ел тыныштығы мен заң үстемдігінің берік болуына қызмет етіп келеді.

# СЕКСЕНІНДЕ ДЕ СЕРГЕК

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаз, абзал ана, сүйікті әже Майра Қоразова сексеннің сеңгіріне шықса да әлі сергек. Өзінің қарапайымдылығымен, биязы мінезімен, табанды еңбегімен ерекшеленіп жүрген жақсы жан бүгінде Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің және Сарайшық аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, «Қайсар» бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы. Құрметті демалысқа шыққанына ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де бір күн үйінде қол қусырып қарап отырған жоқ, үнемі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүреді.



**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Зұлым соғыс аяқталған жылдың соңында Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген қыз жастайынан әкесіне жақын болды. Ол кісі колхоз бастығы, жұмыс бабымен шаруашылықты аралайды, үйде отырмайды. Сондайда кішкентай Майра Әлімханқызы әкесінен бір елі ажырамай жүріп бой жетеді. Оның бойындағы еңбексүйгіштік, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, табандылық сол кісіден дарыса керек.

– Ол кезде машина деген жоқ, кісілер ат арбамен жүретін. Колхоз орталығында жеті жылдық мектеп болатын. Оны бітірген соң 40 шақырым жердегі Кеңестер одағының батыры Ізғұтты Айтықов атындағы орта мектепте білім алып, интернатта жаттым. Кейде мектепке салт атпен де келіп оқыған күндерім, жаяу жүрген кездерім де болды. Жастайымнан еңбекке араласып, үлкендермен бірге қой қырқып, картоп қазып, шөп жинауға барамын, сонда әкем колхоз бастығы бола тұра, «мен бармаймын, мен істемеймін» демей, ылғи да алдыңғы қатарда жүретінмін. Атқа мініп, шөмеле салдық, оны тырнауышпен жинадық. Мектеп бітірерде бес қыз жиналып, 25 шақырым жердегі комбинаттың магазиніне барып мата сатып алып, мектеп бітіру кешіне көйлекті өзіміз тігіп киген едік. Оған да міне, 50 жыл болып қалды. «Елу жылда – ел жаңа» деген. Әттең, сол кездер қайта оралып келсе ғой, – деп бастады әңгімесін Майра Әлімханқызы.

Мектепті үздік бітіргеннен кейін ол педагогикалық оқу орнына түсіп, оны ойдағыдай аяқтаған соң алғашқы еңбек жолын ұстаздықпен ұштастырды. Оған дейін аяқ киім фабрикасында үлкен станокта наладчица, хатшы да болып, ұзақ жылдар бойы аудандық білім бөлімінде, спорт комитетінде бухгалтер болып та жұмыс істеді. Кейін мамандығы бойынша балабақшада еңбек етіп, үлкен топта тәрбиеші бола жүріп, сол жерден құрметті демалысқа шықты. Сонда да қатардан қалмай ардагерлер қозғалысына қатысып, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысты. Отанын, елін, жерін, тілін қадірлейтін, рухани дүниесі бай, жаны таза ұстаз зейнеткерлікке шыққалы қоғамдық жұмыстармен айналысып келеді.

1998 жылы ел астанасына көшіп келген Майра апай 2019 жылдан бері Күйгенжар тұрғын алабындағы № 42 орта мектебі мен Интернациональныйдағы №44 орта мектепте қоғамдық кеңес мүшесі, қалалық ардагерлер кеңесінде пленум мүшесі. Осы өңірдің мәдениет, оқу, өнер, қоғам саласында ұзақ жыл еңбек етіп, бүгінде зейнетке шыққан ардагерлерге қолдан келген көмегін аямай жүр.

– Қоғамдық жұмысқа мені жергілікті әкім шақырды. Сол кезде біз еккен шырша, ағаштар қазір елордаға ерекше көрік беріп, үлкен саябақ болып жайқалып тұр. Өзім жасыл желекті, гүл отырғызғанды өте жақсы көремін. Спорттан да құр алақан емеспін. Атпен шапқан кездерім де болды. Велосипед, шаңғы, шахматты әлі тастаған жоқпын. Шаңғыдан жарыс болғанда бірінші орынды медалімен жеңіп алдым. Денсаулықты сақтап, ұзақ жасау үшін ғылым мен техникаға, дәрі-дәрмекке иек арта беруге болмайды. Меніңше, ең жақсы емші – адамның өзі, ең жақсы дәрі – уақыт. Ең жақсы көңіл-күй – тыныштық. Ең жақсы әрекет – жаяу жүру. Ал қоғаммен психологиялық үйлесім табу – әр адамның өзінің еншісінде, – деді апай ағынан жарыла.

Ел үшін еткен еңбек ешқашан ескерусіз қалмайды. Осы жылдар ішінде Майра Әлімханқызы Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет» грамотасымен, ҚР Тәуелсіздігінің 20, 25, 30 жылдығы» мерекелік медальдарымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысына 75 жыл» медальдарымен, «Ардагерлер қоғамы» РҚБ-нің «Құрмет» төсбелгісімен және басқа да көптеген грамоталармен марапатталды.

Сексеннің сеңгіріне асықпай, аптықпай, абырой биігінен аласармай жеткен Майра апай әлі де тың. Жақында бастауыш ардагерлер ұйымының есеп-беру жиынында аудан ардагерлері ол кісіге тағы да сенім артып, бастауыш ұйымның төрайымы етіп бірауыздан қайта сайлады. Бұл да болса өзінің өсіріп-тәрбиелеген үш баласынан 7 немере, 7 шөбере сүйіп отырған қарапайым жанның жігерін жасытпай, ел үшін әлі де аянбай еңбек етуге құштарлығын арттыра түскендей.

# ШӘКІРТ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН

*“ Әйелсіз үй, әйелсіз күн бекер ғой,*
*Әйелменен әлем сұлу екен ғой.*
*Адам біткен аңсап жүрген жылылық,*
*Әйелдердің қабағында екен ғой»*

*Мұқағали Мақатаев*



Ұлт тәрбиелеу атты үлкен жауапкершілік жүктелген ұстаздық қызмет қашанда құрметке лайық. Білім мен білік, қажыр мен қайрат сынға түсетін ұстаздық қызметті өмірінің мәні де, сәні де ете білген, жаңашылдыққа ұмтылған сондай педагогтардың бірі – елордалық Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі Күлзира Сейлова.

**Индира БЕРЖАНОВА**

«Мұғалім болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік қасиетін оқушы бойына дарыту. Бұл – жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен миссия. Ұстаздық тек пәнді оқыту емес, адамның жүрегіне жол табу екендігін түсіндім. Бұл жолдың әр қадамында студенттерге, олардың дамуына, болашағына үлес қосуды мақсат еттім» деген Күлзира Серікбайқызының бұл пікірі – нағыз ұстаздың жүректен шыққан, 30 жылдық тәжірибесінен түйген ойы.

«Өзім мектеп кезінен ұстаздарымның еңбегін көріп, оларды үлгі тұтатын едім. Үйретуден жалықпайтын мұғалімдердің қажырлы еңбегін көріп, мен де оқушыларға дамуына, өмір жолына дұрыс бағыт көрсететін маман болуды қалайтын едім» деп ой бөліскен педагог бұл жолға кездейсоқ келмегенін жеткізді.

Білікті маман, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, педагог-шебер балаға жүрек жылуын сыйлау, олардың қарым-қабілеттерін үнемі жетілдіріп отыру, сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдерді үздіксіз пайдалануды басты ұстанымы еткен. Әсіресе оқушыларды ғылыми жоба, олимпиада, зияткерлік сайыстарға дайындауды мақсат ететін педагогтың шәкірттері жылда республикалық деңгейдегі байқаулардың үздіктері қатарынан табылады. STEM және робототехника бағытындағы жарыстарда мектеп оқушыларынан құралған Venom атты топ беделді жарыстарда жақсы көрсеткіш көрсетіп, соңғы төрт жылда халықаралық деңгейдегі додаларда жүлделі орындардан көрініп жүргенін ұстаз мақтанышпен бөлісті. Педагогтың сөзінше, мұғалім еңбегінің жемісі шәкіртінің жетістігімен көрінеді.

«Қазіргі таңда ұстаз есімі ардақталып, тартымдылығы арта түскені сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамасымен «Педагог мәртебесі туралы» заң еніп, педагог еңбегі жақсы дәріптеліп келеді. Сондықтан айтарым, ұстаздықтан шаршамау керек. Әр кез жас мамандарға, әріптестеріме «өзіңіз мықты мұғалім болсаңыз, өз пәніңізді сүйсеңіз, теориялық білімді әдістемелік біліммен ұштастыра білсеңіз, шығармашылық ізденісте жүретін болсаңыз, сіздей мұғалім жерде қалмайды» деймін. Цифрлы технологиялар қарыштап дамыған заманда дарынды балалар өте көп. Біздің басты миссиямыз – олардың талантын ашуға септесу, шамшырағы болу. Қоғамдағы әртүрлі өзгерістерге бейімделе отырып, ұлт көшбасшысын дайындауды негізгі міндетім деп білемін. Мамандығым – өмірімнің мәні мен мазмұны» деді К.Серікбайқызы.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі

# ШҰҒЫЛАНЫҢ ШУАҚТЫ ШАҒЫ

Тіршілік пен берекенің бастауы, адамзат бойындағы бар ізгіліктің қайнар көзі әйел-ана десек, бүгінде олар араласпаған сала қалмады. Еңбекті жанына етене тұтып, мемлекеттік қызмет саласында табысты тер төгіп жүрген қыз-келіншектер де қазақ қоғамында жетерлік. Солардың бірі – Астана қаласы Сарайшық ауданы әкімінің орынбасары, елорда әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның мүшесі Шұғыла Құдайберген.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**



Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында дүниеге келген Шұғыла Серікханқызы орта мектепті «Алтын белгіге» бітіреді. Жастайынан аса зерек, білімге құштар қыз асқақ арманын Астанамен астастыруды мақсат тұтып, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша үздік бітірген ол бүгінде магистр дәрежесіне ие.

Алғашқы еңбек жолын студенттік жылдары сол кездегі «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты Астана қалалық филиалында бастайды. Көп ұзамай «Жас ұлан» республикалық ұйымының Астана қаласы бойынша атқарушы хатшысы болып сайланады. Кейін қаладағы жастар мәслихатында ұйымдастыру-кадр бөліміне жетекшілік етеді.

Мемлекеттік қызметші ең бірінші адал, тындырымды және қажырлы болуы тиіс болса, бұл қасиеттер Шұғыла Серікханқызының бойында бала кезінен қалыптасқан. 2017 жылы Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасында бас маман болып кіріскен ол алдымен «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді. 2021 жылдан бастап бас қаланың Сарыарқа, Байқоңыр аудандарында аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2024 жылдың қараша айынан бастап қазіргі күнге дейін Астананың жаңа Сарайшық ауданында әкімнің орынбасары.

Өзіне жүктелген міндеттерді адал және жауапкершілікпен атқарып қана қоймай, кез келген күрделі мәселені кәсіби түрде орындайтын талапшыл әрі тиянақты жанның еңбегі ескерусіз қалған жоқ. ҚР Президентінің атынан, ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысынан, Астана қаласының әкімінен және елорда тұрғындарынан алған алғыс хаттары мен кеудесінде жарқыраған «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан халқы ассамблеясына 30 жыл», «Астана қаласы Полиция департаментіне 25 жыл» мерейтойлық медальдары – осы жылдардағы табандылығының жемісі.

– Мемлекеттік қызметке өзімді сынап көрейін деп саналы түрде келдім. Бұл қадамыма еш өкінбеймін. Осы саладағы әйелдер таңның атысы мен кештің батысына дейін ерлермен қатар иық тіресіп қызмет етеді. Одан бөлек, мемлекеттік қызметте жүрген нәзік жандарға отбасында саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеу міндеті жүктелген. Біздің қызметіміз заңға қатаң бағынумен ғана шектелмейді, біз кез келген жағдайда тұрғындардың тілін тауып, шиеленіскен мәселелерді дер кезінде шешуге ықпал етіп, оларды түсінуге тырысуымыз керек. Өз мамандығымды жақсы көргендіктен шаршау дегенді мүлде сезбеймін, – деді ол.

Шұғыла Серікханқызы қызметте қатал әрі талапшыл басшы болғанмен, жақындарының ортасында нәзік те сүйкімді. Ұлы Абай айтқандай, «қайрат, ақыл, жүректі» бір-бірінен ажыратпай, қатар ұстап, адам үшін қызмет етуді алдыңғы орынға қойып жүр. Анасының сүтімен, әкесінің қанымен бойына біткен мақсаткерлік пен жасампаздық қуаты оның ең батыл бастамаларын жүзеге асыруға көмектесіп келеді.




## ҚЫМБАТТЫ ХАНЫМДАР!

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай шын жүректен шыққан құттықтауымызды қабыл алыңыздар!

Өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждағаттың, пәктік пен тазалықтың қайнары әйел – ізгіліктің, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі. Ол – өзінің табиғатынан-ақ кішіпейілділіктің, жоғары адамгершіліктің және мейірімділіктің айнасы.

Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қоғамдық-саяси ахуалдың жаңғыруына белсенді атсалысып жүргендеріңіз үшін әйел қауымына алғыс айтамыз.

Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын. Әрқашан шаңырақтарыңыздың берекесі болып, үйіңізден жылылық кетпесін. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, жанұяларыңызға береке-бірлік тілейміз!

**Сансызбай ЕСІЛОВ,**
**Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# АРХИВТІҢ АЙГҮЛІ

Адам баласының қол жеткізбейтіні жоқ. Тек ішкі қызығушылығы мен соған жету жолындағы құлшынысы болса болғаны. Кейіпкеріміз Астана қаласы Мемлекеттік архивінің құжаттарды қалпына келтіру және сақтау құралдарын дайындау қызметінің басшысы Айгүл Нағашыбекқызы – дәл сондай жан.



**Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ**

Архив саласы қызық та қиын десек қателеспегеніміз. Себебі сырттай қараған адамға момақан мекеменің ішкі қарбаласы сөліңді сығады. Таңның атқанынан кештің батқанына дейін тынымсыз тірлік. Сарғайған парақтардың сақталуы, олардың қайта қалыпқа келуінің өзі – күрделі іс. Осындай салада өзін жоғалтып алмай, жан қалауымен жұмыс істеп жатқандардың қатарынан Айгүл Бағдәулетованы көруге болады. Ол бөлім басшысы болғанмен, қатардағы қызметкерлерімен күні-түні қарбалас шақты бірге өткізеді.

Айгүл орта жасты еңсергенмен, жұмыстан тыс уақытта домбыра шертуді үйренген. Жұмыстан шыға сала арнайы білікті мамандардан тәлім алып, домбыра шертуді үйренген.

– Алғашқы сабақ бірден күй емес, алдымен домбыраны дұрыс ұстау, қағыс түрлері және қарапайым жаттығулардан басталды. Ең бірінші «Біз өмірдің гүліміз» әні мен минусовкасын домбырада шертуді үйрендім. Сабақ аптасына екі рет болғандықтан, жұмыстан кейін баратынмын. Әр сабақта бір ән немесе күй үйретілді және үй тапсырмасы берілді. Кейін жеңіл халық күйлеріне көштім. Күйлер жетінші сабақтан кейін басталды. Оған дейін әндерді үйрендім. Алғашқыларын қиындықсыз меңгеріп жүрдім. Күрделі күйлерден сәл қиындық туындады. Сонда да күн сайын кем дегенде 20-30 минут уақыт бөлуге тырысамын. Кей күндері жұмысқа байланысты аздау болады, бірақ аптасына екі рет міндетті түрде сабаққа қатысамын, – деп Айгүл ағынан жарылды.

Оның айтуынша, домбыра үйірмесіне қатысуға өзінің ішкі күші итермелеген. Себебі жаны қалаған аспапты қалай меңгеремін деген Айгүлдің арманы орындалған іспетті.

– Домбыра тартқанда ішкі тыныштықты ерекше сезінемін. Күй орындап отырғанда бойымда бір жеңілдік пайда болады. Сол сәтте жаным демалып, көңілім орнына түседі. Домбыра маған сабыр берді, ұлттық құндылықтарға деген құрметімді арттырды. Уақытты тиімді пайдалануды үйретті және рухани байытты. Енді өзім де үйренемін деген адам болса үйреткім келеді. Әсіресе өзімнің немерелеріме үйрете алсам, ол да үлкен бақыт болар еді. Домбыра – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан асыл мұра. Немерелерім ұлттық өнерді біліп, құрметтеп өссе деген арман-тілегім бар, – дейді кейіпкеріміз.

Қазіргі уақытта архивтің Айгүлі мекеме ішінде өтетін іс-шараларда домбыра шертіп, әріптестерін қуантып жүр. Нұрдың талаптыға жауатыны секілді, Айгүл өзін толық қолға алып, қалаған аспабын меңгерген. Кейіпкеріміздің басқа да үйренгісі келетіндерге үлгі бола алатынына сөз жоқ. Арманы орындалған Айгүлдің шығар шыңы биік болғай!

# АРДАГЕР АПАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Халықаралық әйелдер күні көктемнің сиқырлы жұпар иісімен, тамаша көңіл күймен және қызықты кездесулермен ерекшеленеді. Нәзік жандар мерекесінен кейін жаңа Конституция жобасын талқылауға қатысқан ардагерлер қозғалысының белсенділері 15 наурызда республикалық референдумға барады. Елдегі үлкен өзгерістер қарсаңында өткен аудандық есеп беру-сайлау конференцияларында қалалық Ардагерлер кеңесі XII конференциясына мандат алған белсенділер конференция жұмысының нәтижелі өтуіне септігін тигізді.



Биыл Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы қалалық ардагерлер ұйымының 35 жылдығымен тұспа-тұс келуде. Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов аталған жиында жасаған баяндамасында аудандық ардагерлер кеңестерінің, бастапқы ардагерлік ұйымдардың, тұрақты комиссиялардың, медиатоп төрағаларының жұмысын ерекше атап өтті. Олардың қатарында Шәрипа Үстемірова, Уляш Құсайынова, Майра Қоразова, Мәнуар Жақыпова, Күлзира Ысқақова, Нелли Шиврина, Раиса Ағыбаева бар. Ал Фаина Шкурко бар өмірін партия-кеңес және қоғам жұмысына арнады. Журналист Татьяна Левченко шамамен 20 жыл бойы ардагерлер қозғалысына адал қызмет етіп келеді. Астана қаласы Алматы ауданының «Әл-Фараби-2» бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы Галина Карпова Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының 30 жылдық мерейтой медалімен марапатталды. Бастауыш ардагерлер ұйымы үздіктерінің бірі, Астана қаласының құрметті азаматы Нелли Шиврина 10 жыл бойы мәдени-көпшілік жұмыстарды жүргізіп, ескерткіштерді қорғау бойынша тұрақты комиссия төрайымының міндетін атқаруда.

Ардагерлер құрған халық ансамбльдерінің саны жыл сайын артып келеді. Жоғары деңгейде өнер көрсету, сахнада жарқырау үшін тек талант пен батылдық жеткіліксіз, сонымен қатар табанды түрде жаттығу керек. «Халық» атағын иеленген «Ветеран» хоры (жетекшісі Галина Аксенова), «Әжелер шаңырағы» (жетекшісі Күләш Қосбармақова), сондай-ақ гран-при лауреаты – «Әдемі» ансамблі талант пен қажырлы еңбектің арқасында биіктен көріне білді. Ардагерлер халық әуендерін, ретро әндерді насихаттайды. «Ардагер көктемі» байқауының лауреаттары арасында «Есіл толқындары» халық хоры, «Қыздар-ай» би ансамблі, «Сағыныш сазы» ансамблі, «Березка» вокал тобы, «Әдемі» ардагерлер ансамблі бар.

Бастамашыл ардагер Мәдина Мұрзабекова, Ольга Аушева, Гүлбадан Қуанышбаева, Ғалия Балтабай, Анисия Цой, Қарлығаш Құспан, Күләш Молдахметова, Баян Бұлғақбаева, Ұрқия Ақышева, Тания Татиева, Роза Елубаева, Әмина Жоламанова, Гүлнәр Беспалинова, Қарлығаш Ахметова, Александра Хрущева және басқа да көптеген құрметті нәзік жанды ардагерлер құрметке лайық.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының тәжірибелі менеджерлері Жанар Есенаманова, Роза Байсалбаеваның ерен еңбегін ерекше атап өтеміз. Ұзақмерзімді жобаларға жауапты қалалық Ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Салтанат Меңлібаева, кеңесшілер Жұмағайша Ақбергенова, Сәуле Махметова мен Айгүл Айбасова ана, әже ретінде өз борыштарымен қатар, қоғамдық жұмыстарды да абыроймен атқаруда.

**Астана қалалық**
**Ардагерлер кеңесі**

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – 160

# ЕЛ МҰРАТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ЕКІ АЛЫП

Ұлт-азаттық қозғалыстың басты теоретигі, негізгі идеологы және шебер ұйымдастырушысы, I Мемлекеттік Думаның мүшесі, қазақтың ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейхан Ресейдің күллі мұсылман зиялыларының арасында ерекше беделге ие болып, өзімен үзеңгілес зиялы қауымның өріс бағытын айқындап, тұстастарына да, өзінен кейінгілерге де ұстаздық ете білді. Мұстафа Шоқайдың жазуынша, Әлихан Бөкейхан Сталинге «пролетарлық қозғалыс жоқ қазақ далаларында орыс пролетариаты диктатурасының орнауы қазақ халқын апатқа душар етеді» деп айта алған ерекше тұлға болатын.

Еліміздің тәуелсіздігімен Алаш жетекшілерінің саяси қызметтері мен шығармашылық мұрасы ұлтымыздың баға жетпес қазынасына айналды. Ал олардың өзара қарым-қатынасы мен сыйластығы да керемет үлгі бола алады. Бұл жайларды біле түсу олардың қайраткерлік, адами болмысын байыта түсері сөзсіз. Сол себепті ұлтымыздың нағыз саяси көсемі Әлихан Бөкейханның өзінен 24 жас кіші Мұстафа Шоқайға шынайы қатысын, шынына келгенде, ерекше қамқорлығын арнайы тақырып етіп отырмыз.

Ұлы ұстазының ықпалын Мұстафа Шоқай сонау Ташкенттегі ерлер гимназиясында оқып жүргенде-ақ сезген сияқты. 1939 жылы жазылған «Орыс империализмі хараб болсын!» атты мақаласында: «Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп, үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» деп жазған еді. Осыдан кейін сол кездегі орыс пен жадит мектептерінде оқып жүргендер бар ынта-ықыласымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіп, мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген көрінеді. Олар, шынында да, қателескен жоқ. Мұны патшалық Ресейдің отарлық саясаты, соның саяси жалғасындай болған кеңестік билік толық дәлелдеді.



ЖИ көмегімен жасалды

**«ӘЛИХАН – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БІРТУАР ПЕРЗЕНТІ, АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ. XX ҒАСЫР БАСЫНДА ӘЛИХАН БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТІП, МЕМЛЕКЕТШІЛДІКТІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ.**

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

Мұстафа Шоқайдың Ташкенттегі ерлер гимназиясында оқып жүргенде-ақ сезген сияқты. 1939 жылы жазылған «Орыс империализмі хараб болсын!» атты мақаласында: «Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп, үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» деп жазған еді. Осыдан кейін сол кездегі орыс пен жадит мектептерінде оқып жүргендер бар ынта-ықыласымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіп, мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген көрінеді. Олар, шынында да, қателескен жоқ. Мұны патшалық Ресейдің отарлық саясаты, соның саяси жалғасындай болған кеңестік билік толық дәлелдеді.

Мұстафа Шоқай Ресей астанасында, арасында Санкт-Петербург университетіндегі оқуы бар, бас-аяғы 6-7 жыл болды. Студент кезінде осындағы түркістандық адвокат Серәлі Лапиннің үйінде бас қосқан жиындарда болған, сол кездегі жастардың түрікшілдік бағыт ұстауын байқаған Әлихан Бөкейхан «өздерін ешқандай сағыммен алдамауын» ескертіп, ұлттық қозғалыста діни және жер мәселесіне көңіл аударуды ұсынған көрінеді.

Ал университеттің бір топ студенті, арасында Мұстафа да бар, 1913 жылдан Орынборда шықпақшы болып жатқан тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетіне құттықтау хат жолдаған еді. Онда жастар «Қазақ» газетіне «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестігін» білдіріп, маңызды екі мәселені көтерді. Оның бірі – «Қазақ» газетінің «...біздің мұңды жұртымыздың мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да жәрдемі аз тимес еді» деген ой. Екіншісі «қаламменен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қарындастарымыздың (қандастарымыздың деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазуды» бас редактордың әрқашан назарға алып жүруіне тілек білдірген еді. Бұл материалды түркі тектес халықтың ой-пікір алаңын жіті бақылауда ұстаған әрі «Қазақ» газетінің басты ұйымдастырушысы Әлихан Бөкейханның білмеуі мүмкін емес.

1916 жылы ақпан айында Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының төрағасы Қ.М.Тевкелев мұсылман халықтарының көрнекті қоғам қайраткерлерімен арнайы мәжіліс өткізіп, сонда фракцияның саяси платформасы, тактикасы мен оның жанынан кеңесші бюросын құру туралы мәселе қаралады. Бұған Ә.Бөкейхан, С.Жантөрин, А.Байтұрсынұлы қатысады. Осында бюро құрамына қазақ уәлаятынан Әлихан Бөкейхан енеді. Бюрода Түркістаннан бір өкілдің болуы керектігі және оған М.Шоқайдың лайық екені туралы мәселе көтеріледі.

1916 жылғы 25 маусымда Дала және Түркістан өлкесі мен басқа да отар аймақтардағы «бұратаналарды» «әскер ұрысының аудандарында қорғаныс қондырғыларын салу және әскери қатынас» мақсатында реквизициялау туралы орыс патшасы II Николайдың жарлығы шықты. Онда 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтардың қару ұстауына сенбей, соғыстың қара жұмысына тарту үшін Түркістан және Дала өлкесінен 500 мың адам шақырылды. Бұл қазақ елінің әлеуметтік жағдайын нашарлатып, кедейшілікті күшейте түсті, жұртшылықтың наразылығын асқындырып, шыдамдарын тауысып, атқа отырғызғаны белгілі. Алайда көтеріліс күшпен аяусыз басылады. Осы мәселеге байланысты Әлихан Бөкейханның ұсынысымен аудармашы, хатшы және маман зерттеуші ретінде Мұстафа Шоқай кірген Мемлекеттік Дума құрған, Мемлекеттік Думаның жанындағы мұсылман фракциясының төрағасы Қ.Тевкелев жетекшілік еткен, фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және кейін қосылған депутат А.Ф.Керенский бар комиссия 1916 жылғы тамызда Түркістанда, Самарқанд, Әндіжан, Қоқан, Ташкент уездерін және кейбір ауылдық жерлерді аралап, жергілікті жағдаймен жақсы танысқан еді.

1917 жылғы «Қазақ» газетінде басылған, Түркістан өңірінен жолданған «Бюроға екінші кісі қою туралы» деген бір топ кісілердің хатында айтылыпты. Олар «былтыр бюроға Әлиханды жұрт қалағанда, ол «Түркістан жағының жай-күйіне аса жетік емеспін, сондықтан Түркістан өлкесінің өзінен бір адам бюрода болуы жөн» деген еді, осыдан кейін біз Мұстафаға хабарласып едік, ол уақытының жоғын, қолының тимейтінін айтқан болатын. Биыл Қ.М.Тевкелевпен келгенінде тағы осы мәселе әңгіме болғанда, қолдан келген қызметтен тартынбаспын депті» дегенін жазған екен. Осы газеттің 1916 жылғы 13 қазанда жарық көрген, «Ғали хан» деп қол қойылған «Бюроға екінші адам қою» атты мақалада Мұстафа Шоқайдың бюродағы қарашаның бірінен жұмысқа кірісетіні туралы жазылды. Сонымен Мұстафа Шоқайдың Түркістанға сапары оның Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының бюросына қызметке келуіне игі әсер еткен еді.

Орыс патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы шығуына байланысты Әлихан Бөкейханов 1917 жылы 15 ақпаннан Минскідегі земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін атқарып, олардың майданның қара жұмысына алынғандардың жол бойында және барған жерлерінде тиісті медицина көмегін алуы, жалпы жағдайы туралы «Қазақ» газетіне тұрақты жазып тұрады. Бұған Мұстафа Шоқай да тартылған көрінеді. Мысалы, «Жұмысшылар жайынан» атты Петроградтан 29 қазанда жазылған мақалаға Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай қол қойып, онда Павлодардан 685 және Семейден 463 жұмысшының Петроградта күтіп алынғаны, олардың Псков пен Гатчинаға кеткені туралы, бұларды жіберудегі ел ішінде орын алған әділетсіздіктерді, «елдегі байлар, мүше тістеп жүрген мырзалар туралықтан тайып, малының арқасымен отбасында қалса керек» деп жазған еді. Осындай тақырыппен 15 қарашада жазған мақаласында Мұстафа Шоқай да Павлодар мен Семейден қара жұмысқа тартылған жұмысшылардың жағдайын баяндады.

Әлихан Бөкейхан 1917 жылдың 20 наурызында Уақытша өкіметтің Торғай облысындағы комиссары болып бекуімен Минскідегі өзінің орнына Мұстафа Шоқайды шақыруы оған көрсеткен үлкен сенімі еді. Алайда екі қала арасындағы жол жабық болғаннан кейін, Мұстафа Минскіге бара алмады. Оны басқа тағдыр күтіп тұрды.

1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен жеделхат алады. Онда Ақмешіттен Түркістан өлкелік атқару комитетінің құрылтайына делегат болып сайланғаны, соған Ташкентке шақырылғаны туралы жазылды. Жолда Орынборда өтетін Торғай облысы қазақтарының құрылтайына қатысуы, онда Түркістан туралы сөз сөйлеуі керек еді. Бұл Әлихан Бөкейханның ұсынысы болатын. Содан Мұстафа Шоқай Петербургтен 1-14 сәуір аралығында Орынборға қарай жол тартты. Жолда Орынборда өткен Торғай қазақтарының құрылтайына қатысады. Бұл алдағы жалпы қазақ құрылтайын өткізуге дайындық мәселелерін қараған, көрші облыстардың қазақтары қатысқан ең алғашқы құрылтай болатын, сондықтан оны кейін «Қазақ халқының тұңғыш съезі» деп атап кетті. Мұстафа Шоқайдың мұнда сөз сөйлегені туралы қолымызда ақпарат жоқ. Дегенмен Түркістан аймағы жайын бұл кезде ешкімнен кем білмейтін оның сөз сөйлеуі де мүмкін еді.

Мұстафа Шоқайдың азаттық үшін күресінің алғашқы асуы, жергілікті халықтың саяси, экономикалық және рухани дербестікке ұмтылысының нақты көрінісі Түркістан мұқтарияты болғаны белгілі. Оның мемлекеттік құрылымының формасы туралы мәселе шешілерде тікелей тәуелсіздік жөніндегі көпшіліктің пікіріне қарсы болып, Мұстафа Шоқай автономиямен шектелуге қиыншылықпен қол жеткізді. Бұл Әлихан Бөкейхан басшылық жасаған «Алаш» партиясы программасы жобасының ұстанымы болатын. Онда былай делінді: «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір ағзасы болуы».

Мұстафа Шоқай Түркістан мұқтарияты құрылған соң Екінші жалпықазақ құрылтайына қатысты. Онда делегаттарды Түркістанмен бірге болуға шақырады. Бұл мәселе құрылтайдан кейін өткен алғашқы жиналыста арнайы қаралып, қай автономияға қосылу туралы мәселені Сырдария қазақтарының өздері шешсін деп тапты. Өзі барынша сыйлайтын Әлихан Бөкейхан мәселені жан-жақты түсіндіріп, оны асықпай бірте-бірте шешудің қажеттігін байыптап айтқан соң, Мұстафа Шоқай ұстазының аталы сөзіне тоқтады. Содан әңгіме тек Сырдария облысы туралы болады да, Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай Сырдария облысы қазақтарының құрылтайын шақыру туралы жеделхатқа бірге қол қойып, қалың қазақтың тұтастығын сақтауды ойлады. Мұстафа Шоқай да «Бірлік туы», «Қазақ» газеттерінде Сырдария қазақтарына үндеу жариялап, онда «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз» деп жазған еді. Алайда Сырдария құрылтайы сол кезде қалыптасқан әртүрлі саяси жағдайды ескеріп, әзірше Сырдария облысы Түркістан автономиясы құрамында қалсын деген шешім қабылдайды.

Орынбордағы Екінші бүкілқазақ құрылтайында Мұстафа Шоқайдың Алашорда ұлт кеңесінің және үкіметінің құрамына кіріп, Сыртқы істер министрі болып сайлануы, бір жағынан, Алашорда мен Түркістан үкіметінің тұтастығын көрсетсе, екінші жағынан, отызға да тола қоймаған жасқа көрсетілген зор құрмет болатын. Меніңше, бұл да Әлихан Бөкейханның ұсынысы.

Кеңестік жүйе Түркістан мұқтариятын құлатып, басшыларын тұтқынға алып, өзін ұстап бергенге 1000 сом тігілгеннен соң, Мұстафа Шоқай түрлі жағдаймен Уфаға жетіп, қыркүйек айының бірнеше күндері Түркістан автономиялық үкіметінің өкілі ретінде осында өткен мемлекеттік жиналыстың отырыстарына қатысады. Онда құрылтай жиналысының мұсылмандар мүшесі, Түркістан және Башқұртстан автономиялы үкіметтері, Ресей және Сібір ішкі түрік-татар ұлттық басқармалары және Алаш үкіметі атынан Әлихан Бөкейхан да қатысып, сөз сөйлейді. Ол Ақпан революциясына дейін Ресейде патша өкіметінің шексіз билігі болғанын, ал Ақпан революциясы бізге халық билігін береміз және орыс зиялы қауымының жүз жылдық идеалын жүзеге асырамыз деп уәде жасады. Бірақ бүкіл демократиялық Ресейдің арманы тәрізді біздің арманымыз да, бүкілресейлік құрылтай жиналысымен еркін, жалпыға ортақ сайлау құқығымен жүзеге асырылады деген сенім де тасталқан болды. Билікті Ресей республикасында пролетариат диктатурасын орнатамыз деген демагогтар басып алды. Енді Ресей республикасы ешқандай өкіметі жоқ толық анархиялық, күйреген елге айналды деді. Мемлекеттік жиналыста Мұстафа Шоқай да кеңес өкіметіне оппозициялық ұстанымдағы, көзқарастары жағынан әртүрлі деңгейдегі тұлғалармен жолығады, тілдеседі, пікір алысады, олардың мақсат-мүддесімен танысады. Отырыстарда бірнеше рет ұсыныс жасап, белсенділік танытады.

Рахатынан азабы, қуанышынан қайғысы мол шетелде жүріп, Мұстафа Шоқай өзіне ылғи қамқорлық жасаған Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басшыларын аса жоғары бағалап, оларды ұлт зиялыларының көшбасшылары, ұлы тұлғалар деп сан рет еске алып, аға тұтып ардақтап, құрмет көрсетіп, оларға көлеңке түсіруге тырысқандармен күреске бар күш-жігерін салды. Кеңестік жүйе ең бірінші Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханға тиіскені белгілі. Неше түрлі жала жабылды.

1926 жылдың 7 қаңтарында Париждегі эмигрант, кешегі Уақытша үкімет басшысы А.Ф.Керенскийдің «Дни» атты апталық газетінде жарияланған «Ояну» («Пробуждение») атты мақаласында Мұстафа Шоқай қырғыз («қазақ») еліндегі ашаршылыққа Алаш басшыларының ұйымдастырған көмектерін кеңес билігі өз абыройын төгіп алмау үшін әрі оны қауіпті санап, тыйым салғанын айта келіп, былай деп жазды: «Бөкейханов пен Байтұрсыновтың қырғыз халқының жауы деген ақылсыз және жаман ой тек қылмыстық фанаттар мен жылы жерлерді іздеушілердің басына түсуі мүмкін». Ал 1931 жылы жазылған «Ұлттық зиялы жөнінде» деген мақаласында Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлын «атамекенімізді қара түнектен жарық дүниеге алып шығу жолында ұмытылмас қызметтер көрсеткен қоғам қайраткерлері» деп жазды.

Сөз соңында энциклопедиялық білімдарлар, берісі қазақ ұлтының, әрісі Ресей отаршылдығының азабын шегіп отырған түркі тектес халықтардың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен, осы жолда бар ақыл-парасатын, қажыр-қайратын еш аямаған, ұмырын да құрбан еткен Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басты жетекшісі Әлихан Бөкейхан мен осы қозғалыстың оңтүстік қанатының басшысы Мұстафа Шоқай саяси күрес кеңістігінде осылай кемеңгерлік қарым-қатынастың өшпес өнегесін көрсетті дегеніміз келеді.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**
**саяси ғылымдар докторы**



Шархан ҚАЗЫҒҰЛ:

# ОҚЫРМАНЫН ОЙЛАНДЫРА АЛҒАН ЖАЗУШЫ – БАҚЫТТЫ

Қазақ публицистикасында өзіндік қолтаңбасымен танылған белгілі жазушы-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шархан Қазығұл 70 жасқа толды. Оның есімі көпшілікке «Әлем әйнегіндегі әсемдік», «Дүбәра дүние», «Тоғыз тарау туынды», «Оңашадағы онлайн ойлар», «Палитрасыз портреттер», «Футбол философиясының фрагменттері», «Шалахметов шеңбері», «Сегізінші нота» және тағы басқа публицистикалық кітаптарымен, сондай-ақ «Меценат» әдеби байқауының тұңғыш жеңімпазы атандырған «Күлпет» атты жаңашыл шағын романымен жақсы таныс.

Арал топырағында туып, Алматы өңірінде журналистік жолын тапқан, БАҚ-тың барлық буындарында өзін танытып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, Үкіметте, ұлттық компанияда жемісті қызмет еткен, бүгінде Астананың төрінде қаламгерлік қарымымен қазақ әдебиетінің қазыналы қорын байытуға үлес қосып жүрген мерейтой иесімен жаңа белес жасқа жеткен сәтінде өмірі мен шығармашылығы жайлы ой-толғамын білуге сұхбат алған едік.

**– Жетпіс жасыңызға аяқ басып, үлкен белеске беттеп, артыңызға қарағанда не ой түйдіңіз? Бала Шархан, журналист Шархан және жазушы Шархан – осы үш кезеңді қысқаша қалай сипаттар едіңіз?**

– Артқа қарап, өткенге көз жүгірткенде, ең бірінші есіме балалық шағым түседі. Балалық шақ адам өміріндегі ең әдемі, ең тәтті кезең екеніне күмәнданудың өзі күнә дер едім.

Алпысбай інім (қазақтың танымал суретшісі Алпысбай Қазығұлов – ред.) екеуміз атамның тәрбиесінде өстік. Атам өте тік кісі еді. Мені 1-сыныпқа өзі ертіп барды. Біздің мектепте ерлі-зайыпты Әбен және Мәрия Рысмахановтар бастауыш екі сыныпты қатар оқытатын. Бірі – «а» сыныбын, бірі – «б» сыныбын. Мені Мәрия апайдың сыныбына жазып қойыпты. Атама бұл ұнамаса керек, мені жетектеп алды да, Әбен ағайдың сыныбына әкелді: «Әй, Әбен, келін жақсы адам ғой, таласым жоқ, бірақ менің баламды еркек адам оқытуы тиіс». Осымен барлық мәселе шешілді. Обалы не, Әбен ағай мені жанын салып оқытты. Атамды қатты сыйлайтын. Алдында қызарғысы келмеген болуы керек.

Атам Алпысбай екеумізге ұқыптылық пен еңбекқорлықты үйретіп кеткенін кейін ес білген кезде бажайладым. Мұны дәлелдей аламын. Ол екеумізге майысқан шегелерді түзеттіріп қоятын. Үлкен шегелерді өзі түзетіп отыратын. Ұзын бөрене ағаштарды қалай болса солай аралатпайтын. 35 сантиметрлік клише жасап алып, сол бойынша кестіретін. Сонда кесіліп, жарылған ағаштарды сарайдың қабырғасына жинағанда оқтай болып тұратын. Ұқыптылық пен еңбекқорлыққа негізделген осы гармония Алпысбай екеуміздің эстетикалық табантірегімізді орнықтырғанын қазір сезініп жүрмін.

Жас кезімде аудандық газеттерде жұмыс істедім. Тілші, жауапты хатшы сатыларынан өтіп, Алматы облысының Балқаш, одан соң Іле аудандарында төрт-төрт жылдан сегіз жыл аудандық газетте бас редактор болдым. Сол кездің өзінде халыққа бір пайдалы дүние жариялауды естен шығарған жоқпын. Мысалы, Балқаш аудандық газетінде аудандық партия комитетінің ұйымдастыру пленумының демократиялық негізде өтпегені сынға алынды. Үлкен айқай-шу болды. Бірақ алдыңғы пленумда көптеген бұрмалаумен сайланған аудандық партия комитетінің хатшылары, аупарткомның бюро мүшелері, бөлім меңгерушілері мақала пәрменімен кезектен тыс шақырылған ұйымдық пленумда жаңадан сайланды. Бұл, шынында да, үлкен батылдықты қажет ететін шаруа еді. Дәл осыны журналистикадағы басты ерлігім деп санаймын.

Ал үшінші кезең туралы айтар болсам, журналистикадан публицистикаға өткен кезде «Оңашадағы онлайн ойлар» деген екі кітабымды жаздым. Осы шығармаларым өзіме ерекше ұнайды. Ондағы айтқан ойларым өмірдің барлық саласын қамтиды. Өмірден түйгенімді, көрген-баққанымның бәрін сол кітапта жаздым. Жалпы, алпыстан кейін шығармашылық адамы ой еңбегін тоқтатпауы керек. Неге? Негесі сол, адамның миы соқа сияқты. Соқамен жер жыртсаң, жылтырап тұрады. Түрен тартпаған соқаны тот басады. Мұнда да сондай процесс. Алпыс жастан кейін адам миының екі жартышары бірдей жұмыс істей бастағанда кез келген адам кітап оқуды, миға салмақ салып, ойлануды өршіте түспесе, нейрондардың байланысы үзіле береді. Ал бұл дегеніңіз қартаюға, нақтырақ айтсақ, деменцияға алып келеді. Астын сызып айтайын дегенім, бірақ бізге газет ісінде үлкен реформа керек. Жылтыр сөзді құрту керек. Қазір ой керек. Қысқа сөздің қауызына әп-әдемі қондыра салатын ойды меңзеп тұрмын. Ой болғанда да ешқайда бұра тартпайтын ортадағы ойды айтамын. Баспасөз беренсөзімен ғана беделді бола алады.

Өзің айтқандай, мен 2008 жылы «Айқара» деген жеке газетімді өз серіктестеріммен бірігіп жарты жыл шығардым. Сол газеттің концепциясын қазіргі мерзімді баспасөзге ұсынар едім. Шын мәнінде, қазіргі заманғы газетте жаңалық жариялап берекет таппайсың. Газет структурасы біздің романы. Маған ерекше әсер еткен шығармада автор туған халқы басынан кешірген сұрапыл тағдырды аллегориялық кейіпкердің аяқастынан алыпқа айналуынан бастайды. «Адам-Уақыт-Кеңістік» философиялық ұғымына бағынбайтын басы ашық оқиғаларды сопылық мақамдар жүйесі арқылы қарастырған. Шығарманы оқып шыққан оқырман өзінің кеудесінде ғаламат рухтың барын сезінеді. Өз оқырманын ұлы сезімдерге бөлей алған жазушы – шын бақытты.

**– «О басында адамдарды ойлануға мифология ерекше әсер еткенін қазір екінің бірі біледі» деп бір сұхбатыңызда жұмырбасты пендеге ой салатын құбылыстарды тізіп, одан әрі романтизм, сосын реализм, кейін абстракционизм әсер еткенін айтыпсыз. Соңында «Қазір революциялық жаңалыққа айналған ақпараттық технологияның адами қатынастарды басып озғанынан бүгінгі адамның экспрессиясы мен эмпатиясы мидай араласып кетті» депсіз үш жыл бұрын. Содан бері не өзгерді? Сіздің қаупіңіз сейілді ме, керісінше, күшейді ме?**

– Ол айтқан ойымнан айнымай қойған жоқпын. Тіпті қаупім күшейе түсті. Былтырдан бері жасанды интеллект қарқынды дамып жатыр, мен содан қорқамын. Өйткені бұл адамдарды ойланудан, ой қуудан алшақтатады, адам барлық шаруасын тер төкпей жасауға бейімделіп алса, содан өткен трагедия жоқ сияқты маған. Ойлана алмау, өзінше ой қорытпау адамзатты жақсылыққа апарарына күмәнім көп. Енді бір 20 жылдан кейін адамзаттың ойлау қабілеті мүлде төмендеп кете ме деген қорқынышымды жасырғым келмейді.

**– Тәуелсіздіктің 30 жылында 100-ге жуық роман жазылғанын келтірдіңіз, солардың ішінен өзіңіз ерекшелеп қай романдарды атап айтар едіңіз?**

– Адамзаттың алдында тұрған мәңгілік сұрақтар өте көп. Біз өмірге неге келеміз? Өмірлік миссиямыз не? Адам баласы өзін-өзі толық зерттей алды ма? Біз өзіміз өмір сүріп жатқан галактиканың неше түрлі жұмбағын шеше аламыз ба? Адам жаны мәңгілік пе? Неге адамзат соғыс деген қасіретті әлі күнге басынан кешіріп келеді? Әлемде тыныштық неге жоқ? Міне, осындай және басқа да сан түрлі «негенама» беттерін құрайтын мәңгілік сұрақтарға жазушы жауап іздеуі керек деп ойлаймын.

**– Соңғы сұрақ, Шархан аға, жалпы, кез келген адам жасампаз іспен айналысуы үшін не қажет деп ойлайсыз?**

– Кванттық физикада «бақылаушы эффект» деген термин бар. Оның мәні біздің назарымыз біздің қуатымызбен бір бағытта өрбуінде жатыр. Соның нәтижесінде біз материалдық әлемге әсер ете аламыз. Әрине, ол үшін қарым-қабілетіңізді өзіңіз қалаған позитивті нәрсеге бағыттай білу керек. Міне, сіз өзіңіздің бағыт-бағдарыңызды басқаруға қол жеткізген тұста шексіз мүмкіндіктер жинақталған кванттық өрістің кілтіне ие боласыз. Дәл осы жерде сіздің санаңызда күйкі тірлік пен жасампаздық тайталасы басталады. Бұл жағдайда соңғысы жеңіске жетеді. Олай дейтінім, тек қана қалқайып жүріп өмір сүру процесі стрестен басқа ештеңе бермейді. Өйткені жүйке жүйесінің айтқанынан шыға алмайтын адамның миы мен денесінің арасында баланс жойылады. Көп адамдардың өз өмірінен гөрі басқа адамдардың өмірімен айналысуға құштар болатыны да сондықтан. Ал жасампаздыққа ұмтылған, өзінің ішкі дауысы мен интуициясына жүгіне білген адам таза санаға айналады. Өйткені дәл осы жерде біз болмыстың жаңа күйіне өтеміз. Басқаша кестелесек, парасат пен дене біртұтас механизм ретінде жұмыс істеуді әдетке айналдырады. Осы кемелдікке жеткен адам барлық бұғауды бұзып, ой еркіндігі мен өз тәуелсіздігінің апогейіне шығады.

Сұхбаттасқан
**Райхан РАХМЕТОВА**

# «ТАҢДАМАЛЫСЫ» ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елордадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханада жазушы-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шархан Қазығұлдың таңдамалы шығармалар жинағының тұсаукесері өтті.




Мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай модераторлық еткен тұсаукесерге елдің қоғамдық-мәдени өміріне елеулі үлес қосып жүрген мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер мен оқырмандар қатысты. Іс-шара жетпістің жотасына шығып отырған көрнекті публицист-жазушы Ш.Қазығұлға жолдаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтау хаттарын оқудан басталды. Салтанатты рәсімде кітаптың тұсауын Қырымбек Көшербаев, Сауытбек Абдрахманов, Мереке Құлкенов, Бауыржан Омаров, Күміс Сейітова, Мәди Айымбетов, Жолтай Әлмәшұлы, Нұртөре Жүсіп кесіп, Шархан Қазығұл шығармашылығы, ізденісі, жаңашылдығы туралы пікірлерін ортаға салды.

Кездесу барысында қатысушылар жазушының шығармашылық мұрасы, публицистикадағы қолтаңбасы мен әдебиеттегі орны туралы пікірімен бөлісті. Тұсаукесер еркін әңгіме, естелік пен әдеби ой-толғауға ұласқан тағылымды кездесу ретінде өтті.

Жақында Ш.Қазығұлдың нон-фикшн жанрында жазған «Әулет» деген романы Қазақстан Жазушылар одағы мен Ұлттық инженерлік академиясы бірлесе өткізген «Еңбек адамы» байқауында бас жүлде алған еді. Іс-шарада М.Құлкенов осы жүлдені табыстады.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі

# ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ КӨКЖАЛЫ

Көрнекті ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлының 80 жылдық мерейтойы елордадан басталды. «Өмірге өлең керек» атауын иеленген шығармашылық кездесу Ұлттық академиялық кітапхананың Мұқағали Мақатаев залында ұйымдастырылды. Серік шайырдың «Қобыз» атты алғашқы кітабына ақиық ақын ақ жол тілеп, пікір жазған еді, сол себептен бұл жүздесу символдық мәнге ие болды.



Белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы кешті тізгіндеп, кездесудің шырайын кіргізді. Серік Тұрғынбекұлының болмысы қандай қарапайым, ақкөңіл, аңқылдаған болса, әдемі әзілдермен әдіптелген жұртшылықпен жүздесуі де сондай риясыз қалыпта өтті.

Алдымен Ұлттық академиялық кітапхананың директоры Күміс Сейітова ақынды ұжым атынан құттықтап, қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты. Белгілі ақын Қалқаман Сарин Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтауын оқып беріп, өзінің шығармашылығына да Серік шайыр әсерін тигізгенін айтып өтті.

Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің ізгі лебізін осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы жеткізді.

Көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайыл Серік ақынмен ҚазМУ-де қатар оқығанын айта келе, сол кезде аталмыш оқу орнына ақындық арманды арқалап келгендердің арасында өзі де болғанын, сол ұшқын бойында қалғанын айтты. Сол ортадан Серік Тұрғынбекұлы мен Кеңшілік Мырзабеков суырылып шыққанын атап өтті. Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің «Мен көрген ақындардың ішінде ақын болып жаратылған – осы Серік Тұрғынбекұлы» деген пікірін келтірді. Алдан Смайылдың өзі де биылғы күзде сексеннің сеңгіріне шығады. Қаламгер сөзін осы жас туралы Серік құрдасына арнаған өлеңімен түйіндеді.

Әйгілі дипломат, экономика ғылымдарының докторы Сайлау Батыршаұлы елорданы Серік Тұрғынбекұлындай жырлаған ақындар кемде-кем екенін айта келе, мерейтой иесіне «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру керектігі жөнінде ұсынысын жеткізді.

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай өткен ғасырдың 60-жылдары қазақ поэзиясына келген үлкен толқынға тоқталып, Кенен Әзірбаевтың 80 жасқа келгенде айтқан өлеңін еске алып, Серіктей арқалы ақындар да екі тумайтынын айтып өтті.

Белгілі қаламгер, әдебиеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов ақындық мінез дегенге тоқталып, Серік ақынмен араласа бастағанына биылғы көктемде 50 жыл толатынын жеткізе келе, естеліктерді жаңғыртты.

«Секеңнің бүкіл поэзиясы Торғайдың төсінен ескен Сарыарқаның самалы секілді қарапайым келеді. Қоңыр жел секілді оқырманды шаршатпайды. Төгіліп, құйылып жатады. Одан соншалықты метафоралық теңеу іздеу керек емес. Қазақтың өлеңі, негізінен, қарапайым болған. Осы тұрғыдан алғанда, Секеңнен үйренетін қасиет көп» деген қаламгер ақынның кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ғарыш-Қазақ» поэмасына бір тараудың қосылуына өзі себепкер болғанын жеткізіп, сол оқиға туралы әңгімелеп берді.

Ізгі лебіздер легін белгілі ақын, жыршы, манасшы Баянғали Әлімжанов, ақын Әбжан Әбілтай жалғап, арнауларын оқыды. Академик, Ұлттық құрылтай мен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев ұлттық тәрбие мәселесі туралы қазір көп айтылып жатқанын айта келе, Серік Тұрғынбекұлы өзінің шығармашылығымен бұған баяғыдан үлес қосып келе жатқанын ерекше атап өтті. Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің қарындасы Роза Жүнісова Серік ақынның адалдығы, тазалығы туралы тебіренді. Кездесуде ақын туралы осындай сөздер өте көп айтылды. Торғайдан шыққан тарлан ақындар Нұрхан Ахметбеков, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, олардың соңын ала қазақ поэзиясы көгіне самғап, Серік Тұрғынбекұлымен құлын-тайдай тебісіп өскен Кеңшілік Мырзабеков есімдері жиі ауызға алынды. Белгілі жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жолтай Әлмашұлы ақынның драмалық шығармаларына тоқталды.

«Бұл – шын мәнінде, шын ақынның тойы. Біз қазір өтірік ақынның да тойын тойлайтын болып кеттік. Қазақта тірі жүргендердің ішінде өзі саусақпен санарлықтай ғана ақын бар деп ойлаймын. Соның ең алдында тұрған, барлық ғұмырын ақындықпен кешкен, өзінің табиғаты, әлемі, жолы, жосығы бар ақын – Серік Тұрғынбекұлы» деген көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай арнауын оқыды. Оның сөзін қостаған белгілі әдебиеттанушы, сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы «Серік Тұрғынбекұлы – қазіргі нөмірі бірінші ақын» деді. Серік ақынның соңынан ерген толқынның атынан сөз алған ақын Мұхарбек Жәкейұлы тілегін жеткізіп, өлең оқыды. Дәстүрлі әнші Еркебұлан Қасымов, әнші, композитор Нұрболат Арзамасұлы мен Анар Құмарова ақынның өлеңдеріне жазылған әндерді әуелетті. Кездесуді түйіндеген Серік Тұрғынбекұлы ағынан ақтарылып, жиналғандарға алғысын жеткізді. Ақын тойы мамыр айында бас қалада Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен және өзі туған қасиетті Торғай топырағында жалғасады.

## СЕРІК АҒАМ СЕКСЕНДЕ

*Сераға!*
*Қалтқыдай қалтырап тұр*
*қайық-ғалам,*
*Сен барда Есіл де аман,*
*Жайық та аман.*
*Өлеңді мен бастамай кім бастайды,*
*Төбеңді көрген сайын байып қалам.*

*Сер-ағау, сексенде бір қақшы қанат,*
*Ақ таңнан ақын біткен бақ сұрамақ.*
*Ақ сағым арасынан қол бұлғай ма,*
*Аяулы алтын бесік – Ақшығанақ.*

*Беу, Торғай, берен ұлмен аты кеткен,*
*Кеңшілік екеуіңді ақын еткен.*
*Ар жағың – Қошқарұлы Жәнібектен –*
*Бер жағың – Міржақып пен Ахметтен.*

*Ақынның шығар бір күн бір дерегі,*
*Не деген зулап жатқан күндер еді.*
*... Ғафудың өзің едің ғайып жыры*
*немесе Сырағаңның сырлы өлеңі.*

*Сақаның қолға жаққан алшысындай,*
*Қызырдың қасиетті қамшысындай.*
*Торғайдың өзенінде мөлт-мөлт еткен,*
*Нұрханның өлеңінің тамшысындай.*

*Іргесін жыр-орданың түнде түріп,*
*Айтасың айтарыңды кімге өтініп?*
*Анадан ақын болып туғандарға*
*Бұл өмір кейде тұман, кейде тұнық.*

*Шабыт құс бір күн келер, бір күн кетіп,*
*Дүниеден дүлдүл де өтіп,*
*бұлбұл да өтіп...*
*Арқаның самалындай аңқылдаған*
*Сері-ағам, Серік ақын Тұрғынбеков.*

*Ішінде өспесең де тал-қайыңның,*
*Әніңнің қайырмасын сан қайырдың.*
*Сегіз шумақ жырыммен сексеніңде*
*Кетейін терін сүртіп маңдайыңның.*

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ**

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

# АУДАРМАШЫ АНАМЕН КЕЗДЕСТІ

Ұлттық академиялық кітапханада Халықаралық әйелдер күні қарсаңында аудармашы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Рымбала Смайыловамен «Аманат арқалаған ана» атты шығармашылық кездесу мен әлем классигі Виктор Гюгоның «Париждегі Нотр-дам соборы» кітабы аудармасының таныстырылымы өтті.



Рымбала Кенжебайқызы – белгілі жазушы, публицист, аудармашы Марал Хасеннің жары. Кездесуді ұйымдастырушылар қаламгерді де ұмытпай, оның шығармаларынан «Рух пен қалам үндестігі» атты көрме ұйымдастырды. Осыдан 10 жыл бұрын өмірден озған қаламгер 20-ға тарта Нобель сыйлығының лауреаттары мен әлемге әйгілі қаламгерлердің шығармаларын қазақшалады. Аяқтай алмаған аудармалары да қалды. Өмірден өткен соң оның үлгере алмай кеткен істерін жары жалғастырды. Міне, 10 жылдан бері Марал Хасен мұрасының шырақшысы болып келе жатыр. Осы уақыт аралығында 2 естелік кітап шығарып, Жаңаарқада жұбайы оқыған мектепте Марал Хасен атындағы кабинет, аудан музейінде бұрыштың ашылуына мұрындық болды. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханаға қаламгердің жеке кітапханасын көшіріп апарып берді. Бірнеше еске алу кешін ұйымдастырып, Жаңаарқа ауданының «Мәңгілік ел» аллеясындағы ақын-жазушылардың тақтасына Марал Хасеннің атын мәрмәрге қашап жазғызды.

Рымбала Смайылова өзінің алғашқы аудармасы Светлана Алексиевичтің «Мырышқа айналған қыршындар» повесін Марал Хасен аударған «Соғыстың сұрқы әйелге жат» повесімен біріктіріп, кітап етіп бастырды. Марал Хасеннің барлық еңбегін екшеп, жүйеге келтіріп, «Марал Хасен. Таңдамалы еңбектер» атауымен 7 томдық құрастырды. Бұл еңбегі Ұлттық академиялық кітапхананың бастамасымен әр елде ашылған «Қазақстанның мәдени орталықтары» арқылы әлемнің 40 шақты еліне тарады. Рымбала Кенжебайқызы қазір де Марал Хасеннің ісін жалғастырып, кітаптар аударумен айналысады. «Балалар жылы» аясында қазақстандық жазушы-драматург Нұрайна Сәтбаеваның балаларға арналған «Әлканың күміс тұмары» әңгімелер жинағын, американдық жазушы Гарри Грейдің «Бірде Америкада» романын, қарағандылық Ильмаз Данияллының «Дастанның арманы. Бастау» тарихи сагасын тәржімалады. 2022 жылы 82 жасында Нобель сыйлығын алған француз жазушысы Анни Эрнонның «Әйел» және «Өзінің орыны» деген кітаптарын біріктіре аударып, оған «Менің асыл жандарым» атауын берді. Бұл кітап автордан рұқсат алынған соң жарық көреді. Таяуда аударған Виктор Гюгоның «Париждегі Нотр-дам соборы» романы кітап болып шықты.

Тәржімашымен кездесуде Ұлттық академиялық кітапхананың директоры Күміс Сейітова Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Рустам Әлидің құттықтауын оқып берді. Белгілі журналист, «Әділетті Қазақстан» республикалық ғылыми-инновациялық орталығының директоры, философия ғылымдарының кандидаты Мағжан Садыханов сөзін сабақтай келе, «Аяулы ана» атты қоғамдық сыйлықты тапсырды. Ақын, жазушы, аудармашы, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Кенжебай Ахметов, белгілі жазушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаева, ұлы Абайдың зәузатынан тарайтын Ләйлә Баймағамбетова, ақын, сазгер Ардақ Игенова, белгілі публицист, Қазақстан Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты Төлен Тілеубай, журналист, аудармашы Ернат Мелсұлы, ақын, «Егемен Қазақстан» газеті «Мәдениет және әдебиет» бөлімінің меңгерушісі Жәнібек Әлиман, Қарағандыдан арнайы келген «Жастар әлемі» журналының бас редакторы Гүлнәр Шөменова жылы лебіздерін жеткізді. Сөз сөйлегендер көркем аударманың қиындығы жөнінде айта келе, Рымбала Кенжебайқызының ұлғайған жасына қарамай, осы іспен белсенді айналысатынын атап өтіп, тілектерін айтты. Марал Хасен мұрасын насихаттаудағы еңбегіне айрықша тоқталды. «Париждегі Нотр-дам соборы» кітабына редактор болған аудармашының ұлы Дархан Маралұлы мен Рымбала Смайыловаңың өзі бұл тәржіманың ерекшеліктері жөнінде айтып, жиналғандарға алғысын жеткізді.

Әсем әндермен көркемделген кеште Е.Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің студенттері Нұрасыл Аманжол мен Ақжігіт Сағынтай өлеңдерін оқыды.

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі

# АШЫҒУДЫҢ ХИКМЕТІ



Дін ғұламалары мен медицина мамандары ашығудың хикметі мол, жан мен тәнге пайдасы көп екенін айтқан. Имам Ғазали (Алла оны рақымына алсын) «Бақыт формуласы» еңбегінде асқазанды дененің хауызына, одан жеті ағзаға тарайтын тамырды өзенге теңейді және барлық қалаудың бастауы асқазан екенін жазады.

Тамақ жеу – ең үлкен қалаудың бірі. «Себебі Адам (оған Алланың сәлемі болсын) жұмақтан осы қалауына байланысты шыққан. Бұл қалау – басқа қалаулардың бастауы. Өйткені адам қарны тойған соң үйленгісі келеді. Бұл ойын дүние-мүліксіз, ақшасыз орындай алмайды. Осылайша дүниеге құмарлық туындайды. Дүние-мүлік пен ақшаға мансапсыз жете алмайды. Ал мансапты басқа адамдармен дұшпан болмайынша қорғай алмайды. Бұдан қызғаныш, қыңырлық, дұшпандық, тәкаппарлық және риякерлік туындайды. Олай болса асқазанды толтыру – барлық күнәлардың бастауы. Бақылауына алып, ашығуға әдеттену – барлық қайырлардың бастамасы» деп жазады Имам Ғазали (Алла оны рақымына алсын).

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде аштық пен шөл арқылы нәпсімен күресуге шақырған. Алланың құзырында аштық пен шөлден асқан жақсы амал жоқ екенін насихаттаған. Бірде Алла елшісінен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім үстем?» деп сұрағанда: «Аз жеген, аз күлген және әурет жерін жабатындай киіммен шектелген адам» деп жауап берген. Көп тамақтан бас тартудың хикметіне қатысты бұдан басқа хадистер көп. Соның кейбіріне тоқталайық. Ашығу мен ойлану адамның айыбынан үстем ететін құлшылықтың бірі екені жайында айтылған хадисте: «Алланың құзырында ең үстемдерің – ойлануы мен ашығуы ұзақ болғандарың. Алланың құзырында сүйкімсіздерің – көп жейтіндерің және көп ұйықтайтындарың» делінген. Ораза осы екі жағымсыз істен арылуға көмектеседі. Адам баласы Рамазан айынан басқа күндері аз ұйықтап, көп құлшылық жасауға, аз тамақтанып, көп ойлануға әдеттенбеуі мүмкін. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көп ішіп-жеу арқылы жүректі өлтірмеуді өсиет еткен. Жүректі егінге теңеген. Оған көп су берсе шіриді. Сонымен қатар жамандыққа шақырушы лағынеті шайтанды тамырда жүрген қан секілді деп, оның жүретін жолын аштықпен жабу қажеттігін жеткізген.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) күнделікті өмірде тойып тамақ жемеген. Бұл туралы Айша анамыз (оған Алла разы болсын) былай дейді: «Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ешқашан тойып тамақ жеген емес. Аш және шөлдеп жүретініне жаным ашитын. Бір күні ішін ұстап: «Саған жаным пида, дүниеден ашықпайтындай мөлшерде жесеңіз не болады?» дегенімде: «Уа, Айша! Менен бұрын өткен уәдесіне берік бауырларым мен пайғамбарлар Алланың ізгілігіне қауышты. Көп жесем, олардан артта қалып қоямын деп ойлаймын... Бауырларыма қауышудан, солар сияқты болудан қатты жақсы көретін нәрсем жоқ» деді. Аллаға ант етемін, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұдан кейін бір аптадан артық өмір сүрмеді».

Ашығу адамның дәрежесін арттырады. Хадистердің бірінде былай делінген: «Алла Тағала аз жейтін құлдарымен періштелерге мақтанып: «Қараңдар! Оған жеуді қалау сезімін бердім, ал ол Мен үшін жемейді. Уа, періштелерім, куә болыңдар, жемеген әр үзімі үшін жұмақтан оған бір дәреже беремін» дейді». Аштық тек денені, жүректі, бүкіл ағзаны тазартып қана қоймайды, сонымен бірге ойды да артық нәрселерден арылтады. Өзін аш ұстаған адамның жүрегі мен ойы сергек болады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аз күлу арқылы жүректеріңді жандандырыңдар, аштықпен тазаланыңдар. Таза және жеңіл болсын» деген. Ғұламалар үнемі тоқ жүру даналықты өшіретінін айтады.

> Аштық құлшылықтың ләззатын сезіндіреді. Тоқтық қаталдық, өшпенділік, артық қалау сынды сезімдерді оятады. Ал аштық Алланы жүрекпен еске алуға тәрбиелейді. Ғалым Жүнәйд Бағдади ашығудың хикметі жайлы былай деген екен: «Өзі мен Алла Тағала арасында тағам дорбасын ұстап, мінәжаттан ләззат алғысы келген адам бұл қалауына ешқашан қауыша алмайды»

Аштық құлшылықтың ләззатын сезіндіреді. Тоқтық қаталдық, өшпенділік, артық қалау сынды сезімдерді оятады. Ал аштық Алланы жүрекпен еске алуға тәрбиелейді. Ғалым Жүнәйд Бағдади ашығудың хикметі жайлы былай деген екен: «Өзі мен Алла Тағала арасында тағам дорбасын ұстап, мінәжаттан ләззат алғысы келген адам бұл қалауына ешқашан қауыша алмайды».

Ашығу нәпсіні бақылауда ұстауға көмектеседі. Көп қалау зейінді әлсіретеді. Нәпсі – адамның ішкі қалауы, шектен тыс құмарлығы, өзіне ғана ұнамды нәрсеге ұмтылатын болмыс. Ал ашығу сол нәпсінің еркін шектеп, адамға өзін басқаруды үйретеді. Нәпсіге қарсы тұру адамды тәртіпке, рухани жауапкершілікке тәрбиелейді. Тамақ пен сусыннан тыйылу тән қалауын азайтып, нәпсінің үстемдігін азайтады. Ғалымдардың айтуынша, нәпсінің қалауы тоқтықпен күшейе түседі. Ал ашығу оны әлсіретеді. Ораза кезіндегі ашығу – адамның ішкі дүниесін тазартатын, нәпсіні тәрбиелейтін, рухани кемелденуге жетелейтін үлкен рухани тәрбие мектебі. Қарны тоқ адамның шаһуаты келеді. Әуретін қорғай алғанмен, көзін жамандықтан тыя алмайды. Көзін қорғаса, жүректегі жаман ойлардан арыла алмайды. Ал аштық осындай дертке ем. Сондықтан ғалымдар: «Аштық – Алланың қазынасындағы жауһар. Оны сүйгеніне береді, бәріне бермейді» деген екен.

Ашығу аз ұйықтауға әсер етеді. Көп тамақ жеген адам көп ұйықтайды. Нәтижесінде көп жақсылықтан мақұрым қалады. Адам үшін ең қымбат құндылық – оның өмірі. Көп ұйықтау өмірдің, алтын уақыттың зая кетуімен пара-пар. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянына қатысты кітаптарда сахабалардың жетісіне бір рет түзге баратыны жайлы айтылады. Осы жайт таңғалдыратын. Сөйтсек, ілгеріде өткен ізгілер тойып тамақ жемеген екен ғой. Бірнеше күн ашқұрсақ жүрген жан қайтіп түзге барсын?! Әйгілі сахаба Әбу һурайра (Алла оған разы болсын): «Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйінде ешқашан үш күн қатарынан бидай наны желінген емес» дейді.

Ашығудың тек рухани ғана емес, денсаулыққа тигізетін пайдасы да өте мол. Қазіргі медицина мамандары белгілі бір уақыт аралығында тамақтан тыйылудың ағзаға оң әсер ететінін дәлелдеп отыр. Ашығу – ағзаны демалдырып, тазартатын, иммундық жүйені күшейтетін, көптеген аурудың алдын алуға көмектесетін табиғи емнің бірі. Өйткені күнделікті өмірде адам ағзасы үнемі тамақ қабылдап, ас қорыту мүшелері үздіксіз жұмыс істейді. Артық тамақтану асқазан-ішек жүйесіне ауырлық түсіреді. Ашығу кезінде ас қорыту жүйесі белгілі бір уақытқа тынығып, демалады. Бұл асқазанның жұмысын жеңілдетіп, ішек жолдарының тазаруына ықпал етеді. Сонымен қатар ас қорыту ферменттерінің дұрыс бөлінуін реттейді.

Ашығудың денсаулыққа тигізер маңызды пайдасының бірі – иммунитеттің нығаюы. Ғалымдардың айтуынша, белгілі уақыт тамақтан тыйылу кезінде ағзадағы ескі әрі әлсіз жасушалар ыдырап, орнына жаңасы түзіледі. Бұл процесс ағзаның қорғаныс қабілетін арттырады, қабыну ауруларының алдын алады, вирус инфекцияларына қарсы тұру қабілетін күшейтеді. Ораза ұстаған адамдардың көпшілігі денсаулығының жақсарғанын, бойда жеңілдік пен сергектік пайда болғанын айтады.

Қазір қоғамда кең тараған мәселенің бірі – артық салмақтан арылу. Семіздік жүрек ауруларына, қант диабетіне, қан қысымының жоғарылауына әсер етіп жатқаны жасырын емес. Ашығу кезінде ағза энергияны сырттан емес, ішкі қордан ала бастайды. Соның нәтижесінде май жасушалары ыдырайды, зат алмасу жүйесі реттеледі, дене салмағы қалыпқа келеді. Әрине, ашығу дұрыс тамақтанумен және тәртіппен үйлескен жағдайда ғана пайдалы нәтиже беретінін ұмытпаған дұрыс. Дәрігерлер толығымен пайдалы болатын әрі ешқандай зиян тиізбейтін негізгі амалдың бірі аз тамақтану екенін айтуда.

Ашығу қанағат пен шүкір ету сезімін оятады. Қазіргі заманда, яғни сананы тұрмыс билеген кезеңде материалдық дүниеге көбірек ұмтылып, байлық пен мансапты өмірдің басты мақсаты ретінде қабылдайтындар аз емес. Көп жағдайда бұл ұмтылыс адамның жүрегіне мазасыздық, қызғаныш пен қанағатсыздық дертін жұқтыруда. Ашығу мұндай дерттің алдын алады. Шүкір ету адамның жүрегін байытып, өміріне тыныштық, береке және бақыт сыйлайды. Қанағат адамды шүкіршілікке, сабырға, қарапайымдылыққа тәрбиелейді. Ашығып көрмеген адам тамаққа мұқтаж жандардың жағдайына ене алмайды. Ашыққан сәтте барға қанағат, жоққа шүкір етуді үйренесің. Расында, қанағат – адамның жүрегіне тыныштық сыйлайтын қасиет. Қанағатсыз адам қанша дүниесі болса да үнемі жетпей тұрғандай сезінеді. Ал қанағаттшыл пенде азға да разы болып, өмірдің рақатын сезінеді. Нағыз бақыт пен байлық деген осы емес пе?! Ашығудың бұдан басқа да хикметтері көп. Оразаның түпкі мәні – ашығу арқылы тақуалыққа жету. Бастысы ниет дұрыс болуы қажет. Өйткені барлық ізгі амалдың негізі – дұрыс ниетте. Мүміннің ниеті амалынан қайырлы екенін түсіндірген Хасан Басри (Алла оны рақымына алсын): «Шексіз жұмаққа бірнеше күндік амалмен емес, шексіз жақсы ниеттер арқылы жетуге болады» деген екен.

**Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ**

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Жыл – он екі айдың ішінде адам баласының рухани өміріне, жүрегіне, тіпті тағдырына тікелей әсер ететін бір ғана түн бар. Ол – барша мұсылман жұртшылығы асыға күтетін Қадір түні. Халықтың оны «түндердің сұлтаны» деп атауы бекер емес. Бұл – көктің есігі айқара ашылып, Алланың рақымы төгілетін, періштелер жер бетіне түсетін, бір ғана түннің сауабы тұтас бір ғұмырға теңесетін айрықша қасиетті мезет.

# МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ ҚАДІР ТҮНІ

«Қадір» сөзі араб тілінде бірнеше мағынаны қамтиды. Біріншіден, ол – құрмет, биіктік. Демек, бұл түн Алланың алдында ең мәртебелі. Екіншіден, «қадр» тағдыр деген мағынаны білдіреді. Дәл осы түні әрбір пенденің келер жылдағы несібесі мен жазмышы бекітіледі. Алла Тағала бұл жайлы Құранда: «Сол түні әрбір хикметті іс нақтыланып жазылады» (Духан сүресі, 4-аят) деп баяндайды. Үшіншіден, «қадр» – тарылу, яғни бұл түні періштелердің көптігінен жер беті тарылады. Төртіншіден, ол – кешірім мен дәреже. Қадір түні тәубе еткен пенденің күнәсі кешіріліп, рухани дәрежесі көтеріледі.

Қадір түнінің ұлылығы Құранда арнайы сүре арқылы айрықша атап көрсетілген: «Расында Біз Құранды Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін қайдан білесің? Қадір түні мың айдан да қайырлы» (Қадр сүресі, 1-3-аяттар). Бір ғана түнде осыншама мағына сыйып тұрса, оның ұлылығы қандай екенін жүрекпен сезінуге болады. Бұл – шамамен 83 жылға тең сауап деген сөз. Ойлаңызшы, адам баласына бір ғана түнде тұтас бір ғұмырдың сауабы ұсынылып отыр. Бір түнде өткен өмірінің күнәларын жуып, бір түнде болашағына нұрлы тағдыр тілеуге, бір түнде жүрегін қайта түзеуге мүмкіндік беріледі. Жылдар бойы жинай алмайтын сауапты Алла бір түнге сыйдырып отыр. Бұл – Раббымыздың пендесіне деген шексіз мейірімі мен рақымының айқын көрінісі. Ойлап көріңізші... Адам бір түнде кешегі қателігін жуып, бір түнде болашақ өміріне жаңа парақ ашып, бір түнде жүрегін тазалап, бір түнде Алланың рақымына бөлене алады.

Бұл түннің тағы бір ерекшелігі – жер бетіне періштелер мен Жәбірейіл періштенің түсуі: «Ол түні періштелер мен Рух (Жәбірейіл) Раббыларының рұқсатымен әрбір істі жүзеге асыру үшін жерге түседі» (Қадр сүресі, 4-аят). Сондықтан бұл түн жай ғана ұйықтамай шығатын түн емес. Бұл – өз тағдырыңмен бетпе-бет қалатын түн. Қадір түні – кешірім түні. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Кім Қадір түнін иманмен және Алладан сауап үміт етіп өткізсе, оның



өткен күнәлары кешіріледі» (Бухари, Мүслім) деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қадір түнін Рамазанның соңғы он түнінің тақ түндерінен іздеуді өсиет еткен: «Қадір түнін соңғы он түннің тақ түндерінен іздеңдер» (Бухари). Ғалымдардың басым бөлігі 27-түнге ерекше мән береді.

Қадір түні жай ғана ұйықтамай шығатын түн емес. Бұл – пенденің Алламен байланысын жаңғыртып, жүрегін тазартып, тағдырын дұғамен түзейтін ұлы мүмкіндік. Осы түні тәубе ету, Құран оқу, зікір айту, өзіне, отбасына, еліне дұға жасау – ең сауапты амалдар. Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) осы түнге лайық дұғаны сұрағанда, Ол: «Уа, Алла! Сен кешіресің, кешіруді жақсы көресің, мені кешіре гөр» деп үйреткен. Қадір түні – Алланың рақымы ең көп төгілетін, жүрек пен тағдыр түйісетін қасиетті түн. Оны шынайы құлшылықпен өткізген адам өз өміріне жаңа рухани бет ашады. Қадір түні – Алланың пендесіне ең жақын болатын сәті. Жүрек сол түні шын жыласа, тағдыр сол түні шын өзгереді.

Алла Тағала баршамызды Қадір түнінің қадірін білетін, оның шапағатына бөленетін құлдарынан етсін. Дұғамызды қабыл, тағдырымызды қайырлы, жүрегімізді таза қылсын. Әумин!

**Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ**

Астана қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы Кәріс этномәдени бірлестігіне, туған-туысқандарына қазақстандық және корей баспасөзінің ардагері, КСРО және Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, «Коре ильбо» газетінің меншікті тілшісі, елордалық Қазақстан халқы Ассамблеясы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі **Сон Владимир Ефимовичтің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

*Газетіміздің келесі саны 2026 жылғы 12 наурыз күні шығады.*

№27 (4925) 07/03/2026 Сенбі




# ӘЛЕМНІҢ ЖҮРЕГІ – ӘЙЕЛ

Е.Рахмадиев атындағы филармонияның камералық залында еңбекші әйелдерге арналған «Әйел – әлемнің жүрегі» атты мерекелік концерт өтті. Іс-шара Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссияның бастамасымен ұйымдастырылды.

Мерекелік кешке елордаңың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп жүрген түрлі сала өкілдері – коммуналдық қызметкерлер, медицина мамандары, тәрбиешілер, аспаздар, тігіншілер, автобус жүргізушілері және басқа да еңбек адамдары жиналды. берекесін келтіріп, бала тәрбиесімен айналысса, екінші жағынан қоғамдық өмірге белсене араласып, ел дамуына өз үлесін қосып келеді. Осы іс-шараға дәл осындай еңбекқор, қоғамға пайдасын тигізіп жүрген жандар жиналып отыр. Қазіргі таңда елордамызда 1,6 миллионға



– Осында жиналған әйелдер қауымы – елордамыздың жылуын, тыныштығын және көркін қалыптастырып жүрген маңызды салаларда еңбек ететін жандар. Шынында, әйел адам бір мезетте бірнеше істің басын ұштастыра алады. «Бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бар. Елордамыздың әйелдері де дәл сондай. Олар бір жағынан отбасының жуық тұрғын бар. Оның жартысынан көбі – әйелдер. Ал сол әйелдердің басым бөлігі экономикалық тұрғыдан белсенді, яғни қаланың тыныс-тіршілігіне тікелей үлес қосып жүрген жандар. Сондықтан сіздерге алғыс білдіреміз. Отбасыларыңызға береке, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз! – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен.

# ҚАЛАМГЕР ҚЫЗДАРҒА ҚҰРМЕТ

Синтез театрында Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы ұйымдастырған «Жырмен өрілген нәзіктік» атты әдеби кеш өтті. Зиялы қауым өкілдері, танымал ақындар, қаламгерлер бас қосқан кеште мерекелік әндер шырқалып, өлеңдер оқылды.

Жиында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының басшысы Бауыржан Бабажанұлы, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп, белгілі әдеби сыншы Амангелді Кеңшілікұлы кешке жиналған нәзікжанды арулар қауымын мерекелерімен құттықтады. ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Егеухан Мұқамәдиқызы, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жанат Әскербекқызы, белгілі жазушы, журналист, қоғам қайраткері Шәрбану Бейсенқызы секілді қаламгерлер кеш соңында өз алғысын айтып, ризашылығын білдірді. Әдеби-сазды кеш соңында қаламгерлер қауымына гүл шоқтары табыс етілді.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІР**

# «АСТАНА БАЛЕТТЕГІ» ЕРЕКШЕ КОНЦЕРТ

«Астана Балет» театрының сахнасында мерекелік Gala Ballet кеші өтті. Театрдың симфониялық оркестрі бас дирижер Арман Оразғалиевтің жетекшілігімен өнер көрсетті.

Бірінші бөлімде көрермен назарына хореография миниатюралары ұсынылып, Петр Чайковскийдің музыкасына хореограф Айнұр Әбілғазина қойған «Триумф» балеті сахналанды. Ол нәзіктік пен әсемдікті, классикалық балеттің биік деңгейін айшықтайтын ерекше туынды ретінде көрерменге ұсынылды.

Кеш барысында хореография өнерін сүйер қауым мінсіз орындалған жеке және дуэт билерін тамашалады. Бағдарламаға әлемдік балет классикасынан үзінділер енгізілді. Атап айтқанда, Арам Хачатуряннің «Спартак», Сергей Рахманиновтің «Көктемгі су», Адольф Аданның «Жизель», Камиль Сен-Санстың «Аққу», Людвиг Минкустың «Дон Кихот» балеттерінен па-де-де және басқа да үзінділер көрсетілді. Көрермендер қойылымдардың әсем костюмдері мен әсерлі декорацияларына ерекше қызығушылық танытты.

Көктемнің шуақты мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған гала-концертте классикалық және заманауи хореографияның түрлі бағыты тоғысқан. Бағдарламада әлемдік балет өнерінің жауһарларынан алынған үзінділер ұсынылып, труппаның кәсіби деңгейі мен өнердің сан қыры көрерменге кеңінен көрсетілді.



– Көктемнің алғашқы мерекесін біз түрлі хореография миниатюраларын біріктіретін ғажайып гала-концертпен қарсы аламыз. Оның бағдарламасында талғампаз классикадан бастап заманауи қойылымдарға дейін қамтылған. Осындай алуан түрлі қойылымдар көркем тілдің сан қырын ашып, труппаның кәсіби кемелдігін көрсетуге мүмкіндік береді. Бағдарламада сондай-ақ балет өнерінің әлемдік жауһарларынан үзінділер мен миниатюралар ұсынылды. Бұл кешіміздің салтанатын асырып, дәстүр мен қазіргі заманның сабақтастығын айшықтап тұрғандай, – дейді театрдың көркемдік жетекшісі Нұрлан Қанетов.

# КӨКТЕМГЕ АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Бас қаладағы Ұлттық әскери-патриоттық орталықта Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамына арналған «Көктем шақырады» көрмесінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл жолғы экспозицияда Қазақ ұлттық өнер университеті студенттерінің ең үздік жұмыстары ұсынылған.

«Біз өнерді жастардың бойына патриотизм рухын сіңіретін әрі қазақтың өзіндік ерекшелігі мен дәстүрін дәріптейтін құрал деп қабылдаймыз. Сондықтан біздің музей тек әскери тарих қоры ғана емес, жас таланттарға жол ашатын мәдени орталық та болып отыр» деді Әскери-тарихи музей директоры Дәулет Қадыров.

Студенттер өз жұмыстарын сурет, графика, мүсін, сценография, қолданбалы өнер және дизайн бағыттарында ұсынған.

«Біз Әскери-тарихи музейге студенттерімізді қолдап, олардың өнерін халыққа көрсету мүмкіндігін бергені үшін шексіз алғыс айтамыз. Бүгінде бұл игі іс-шара дәстүрлі сипатқа ие» дейді Қазақ ұлттық өнер университетінің факультет деканы Арыстан Смағұлов.

Ал Өнер университетінің студенті Дария Дидарқызы көрмеге «Бәйшешек», «Қызғалдақтар», «Бүркітші қыз» және «Құсбегі» деп аталатын 4 жұмысын әкеліп отыр. Ол ұйымдастырушыларға құнды тәжірибе алу мен идея бөлісу мүмкіндігін бергені үшін алғысын білдірді.

Әскери-тарихи музейдің атриумында 100-ге жуық жас суретшінің жұмысы қойылған. Астана тұрғындары мен қонақтары бір ай бойы көрмемен таныса алады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
**Тапсырыс №27**
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Va-reklama@mail.ru**
**aqsham1990@mail.ru**

**Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР**